5	Есепті кезеңнің таза табысы есебіне жатқызылатын сол кезеңде еңбекке уақытша жарамсыздық күндеріне төлеу және жүктілік пен босану жөнінен демалыс беру бойынша шығыстар	5	-
6	Жұмысшыларға олардың жұмысымен байланысты зақымдану немесе денсаулықтың басқа мертігуі, сондай-ақ асыраушысын жоғалтумен байланысты келтірілген зиянды қалпына келтіру үшін нақты төленген сомалар	6	-
7	Жұмысшыларға олардың жұмысымен байланысты зақымдану немесе денсаулықтың басқа мертігуі, сондай-ақ асыраушысын жоғалтумен байланысты келтірілген зиянды қалпына келтіру үшін бағытталатын шығыстардың заңмен бекітілген мөлшері	7	-
8	Шегерулерге жататын жұмысшыларға олардың жұмысымен байланысты зақымдану немесе денсаулықтың басқа мертігуі, сондай-ақ асыраушысын жоғалтумен байланысты келтірілген зиянды қалпына келтіру үшін сомалар	8	-
9	Есепті кезеңнің таза табысы есебіне жатқызылатын жұмысшыларға олардың жұмысымен байланысты зақымдану немесе денсаулықтың басқа мертігуі, сондай-ақ асыраушысын жоғалтумен байланысты келтірілген зиянды қалпына келтіру үшін сомалар	9	-
10	Шегерулерге апарылатын шығыстардың жиынтығы	10	1,2

Енді декларацияның № 29 «Салықтар, айыппұлдар мен орны толтырылатын шығыстар» жолында өзіндік құнға енгізілетін салықтардың төленген сомалары көрсетіледі, ал салық төлемінің мөлшері оның есептелуінен асып кеткен жағдайда, салықтың жылдық есептелуінің мөлшері жазылады.

Біздің жағдайда 30-шы операцияда дебет бойынша әлеуметтік салықтың төлемі 12000 теңгемен өтеді, ал көлік салығы жалпы айтқанда төленген емес, сол себептен 29 жол бойынша жиынтық 12,0 мың теңгеге тең болады.

Барлық шегерулер: $877,2 + 1,2 + 12,0 = 890,4$ теңгеге тең болады.

VIII. Салық салынатын табыс жиынтық жылдық табыс пен шегерулердің жалпы сомалары арасындағы айырмаға тең:

950,0 мың теңге — 890,4 мың теңге = **59,6 мың теңге.**

(Жылдық декларацияның 32 жолына тең болуы тиіс).

IX. Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін анықтаймыз. Ережелер бойынша оның мөлшерлемесі **30%** мөлшерде белгіленген.

X. Есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын шығарамыз

(59,6 мың теңге x 30 % = 17,9 мың теңге).

Оның сомасы **17,9 мың теңгеге тең.**

№ 100 үлгінің кестесін толтырамыз

№ 100 үлгі

2006 жылдың жиынтық табысы мен жасалған шегерулер туралы

ДЕКЛАРАЦИЯ

Салық төлеушінің аталуы —

«Молшылық» ЖШС

Мекен-жайы: Төуке хан

даңғылы № 78 үй

Аудан: Түркістан

СТТН 582000027863

Банк аталуы: «Наурыз» банк

Есеп айырысу шоты: 002609819

№	Көрсеткіштер	Код	Төлеушінің мәліметтері бойынша
1	2	3	4
	ЖИЫНТЫҚ ЖЫЛДЫҚ ТАБЫС		
1	Өнім (жұмыстар, қызметтер) өткізуден түскен табыс	1	950,0

1	2	3	4
2	Үйлер мен ғимараттар, сондай-ақ амортизацияға жағпайтын активтердің құнының өсімінен түскен табыс	2	
3	Сыйақы түрінде түскен табыс	3	
3-1	Күдікті міндеттемелер бойынша табыстар	3-1	
4	Дивидендтер	4	
5	Ұтыстар	5	
6	Ақысыз алынған мүлік пен ақшалар	6	
7	Мүлкті жалға беруден түскен табыстар	7	
8	Роялти	8	
9	Мемлекеттік бюджеттен алынған субсидиялардан басқа заңды тұлғалар тарапынан алынған субсидиялар	9	
10	Кәсіпкерлік қызметті шектеу немесе кәсіп-орынды жабу келісімі үшін алынған табыстар	10	
11	Банктер тарапынан жасалған провизиялардың төмендеуінен түскен табыстар	11	
11-1	Сактандыру резервтерінің төмендеуінен түскен табыстар	11-1	
12	Міндеттемелердің жойылуынан түскен табыстар	12	
13	20-4 баптың 3 тарауы, 20-6 баптың 1 тарауы және 47 бапқа сәйкес келген табыс	13	
14	44 бапқа сәйкес орны толтырылатын шегерулер	14	
14-1	138 баптың 1 тарауына сәйкес бағаларды түзетуден болған табыстар	14-1	
14-2	Айыппұлдар, өсімдер, айыптар мен санкциялардың басқа түрлері бойынша табыстар	14-2	
14-3	Кәсіпкерлік қызметте қолданылмайтын объектілерді пайдалану кезінде болған шығыстардан табыстардың артығы	14-3	
15	Басқа табыстар	15	
16	Жылдық жиынтық табыс (1-ден 15-жолдардың сомасы)	16	950,0
17	Жылдық жиынтық табысты түзету	17	
	1) дивидендтер	17-1	
	2) заңды тұлғамен алынған және оның кәсіпкерлік қызметімен байланысты жағымды бағамдық айырма	17-2	
	3) ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын өткізу кезінде құнының өсімінен болған табыстар	17-3	
	4) зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңға сәйкес алынған жеке жинақтаушы зейнетақы шоттарына жіберілген инвестициялық табыстар	17-4	

1	2	3	4
	5) эмитент тарапынан бағалы қағаздарды олардың нарығында алғашқы орналастыру кезінде алынған меншікті акциялар құнының олардың номиналды құнынан артығы	17-5	
	6) мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік кәсіпорындардан ақысыз негізде, сондай-ақ ҚР-ның заңдарына сәйкес алынған негізгі құралдардың құны	17-6	
18	Түзетуден соң жылдық жиынтық табыс (16-жол — 17-жол)	18	950,0
	ШЕГЕРУЛЕР		
19	Өткізілген өнім (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығындар	19	877,2
20	Алынған несиелер үшін сыйақылар	20	
21	Күдікті талаптар	21	
22	Резервтік қорларға аударымдар	22	
23	Ғылыми-зерттеу, жоба және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыстар	23	
24	Белгіленген активтер бойынша амортизациялық есептеулер мен басқа шегерулер	24	
	а) негізгі құралдардың амортизациялық есептеулері	24а	
	б) оның ішінде қосымша бағалаудың сомасынан	24б	
	в) 20-4 баптың 3 тарауына сәйкес есептелген амортизациялық есептеулері	24в	
	г) топ бөлігінің барлық белгіленген активтердің шығыс етілу кезіндегі топ бөлігінің баланс құнының мөлшері	24г	
	д) 20-6 баптың 3 тарауына сәйкес белгіленген активтердің қалдық құны	24д	
	е) материалдық емес активтердің амортизациялық есептеулері	24е	
25	Жөндеуге жұмсалатын шығыстар	25	
26	Сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар	26	
27	Әлеуметтік төлемдердің шығыстары	27	1,2
28	Геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды қазып алу үшін дайындық жұмыстарына шығыстар	28	
29	Салықтар, айыппұлдар мен орны толтырылатын шығыстар	29	12,0
	а) 25 баптың 1 тарауына сәйкес төленген салықтар	29а	

1	2	3	4
	б) бюджетке енетіннен тыс, айыппұлдар мен өсімдерін қоса, төленген айыптар	29б	
	в) мемлекеттік әлеуметтік саланы ұстау үшін шығыстар	29в	
	г) 26 баптың 4 тарауына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың шығыстары	29г	
30	26 баптың 11 тарауына сәйкес құрылыстарды өткізуден болған залалдар	30	
31	Шегерулердің барлығы (19-жолдан 30-жолды қоса сомасы)	31	890,4
32	Салық салынатын табыс (18-жол — 31-жол)	32	59,6
32-1	20-8 баптың 4 тарауына сәйкес алып өтуге жатпайтын залал	32-1	-
32-2	Алып өтуге жататын залал	32-2	-
33	27 бапқа сәйкес алып өткізілген кәсіпкерлік қызметтен болған залалдар	33	-
34	34 бапқа сәйкес салық салудан босатылатын табыстар	34	-
	1) тағайындау бойынша төтенше жағдайлар кезінде пайдаланылған гуманитарлық жәрдем		
	2) мүгедектердің еңбекақысы, сондай-ақ мүгедектерге әлеуметтік салықтың сомасының 50%-ын төлеу бойынша шығыстардың екі есе сомасы		
	3) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар		
	4) коммерциялық емес ұйымдарға қайырымдылық жарналар		
	5) қайырымдылық қорларға банктердің ақысыз аударымдары		
	6) ерікті зейнетақы жарналардың сомасы		
	7) негізгі құралдардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақылар		
	8) 34 баптың 8 тарауына сәйкес салық салынатын табыстың босатылатын өсімі		
	9) _____		
35	Алып өткізілген залалдар мен берілген жеңілдіктердің есебінен салық салынатын табыс (32-жол — 34-жол)	35	59,6
36	Есептелген салықтың сомасы	36	17,9
36а	Таза табысқа салынатын салықтың сомасы	36а	
36б	20-8 баптың 3 тарауына сәйкес негізгі құралдардың қосымша бағалануынан болған салықтың сомасы	36б	

1	2	3	4
36в	Барлық есептелген салық (36-жол — 36а жол + 36б жол)	36в	17,9
37	Барлық жасалған аванстық төлемдер мен есепке жатқызулар	37	
38	Артық төлемнің сомасы	38	
39	Төленуге тиіс барлық салық	39	17,9
40	Айып санкциялары	40	
41	Барлық салық пен айып санкциялары	41	
42	Алдағы төлемдер есебінің артық төлеу сомасы	42	
43	Қайтарылуға тиіс артық төлемнің сомасы	43	

XI. Салыстыру үшін қаржылық есеп бойынша таза табыстың (залалдың) мөлшерін анықтаймыз. Ол үшін № 5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шоты бойынша нәтижелерін талдаймыз.

а) оның табыс жағы 950000 теңгеде соманы құрайды (12-ші операция бойынша);

б) шығыс жағын анықтау үшін төмендегі сомаларды қабылдаймыз: 48-ші операцияның дебеті бойынша — 8000 теңге; 49-шы операцияның дебеті бойынша — 32000 теңге; 50-ші операцияның дебеті бойынша — 861672 теңгеде сомаларды қабылдаймыз.

Жиынтығы: $8000 + 32000 + 861672 = 901672$ теңге

Табыс және шығыс жақтарының арасындағы айырма жылдық жиынтық табысты құрайды:

950000 теңге – 901672 теңге = **48328** теңге

Салықтың 30% мөлшерлемесі кезінде бұл сомадан тиесілі табыс салығының мөлшерін анықтаймыз.

48328 теңге x 30% = **14498** теңге

Енді таза табысты анықтауымыз қажет. Ол жиынтық табыс пен корпоративтік табыс салығы арасындағы айырмаға тең болады.

48328 теңге – 14498 теңге = 33830 теңге \approx **33,8** мың теңге

Декларацияның № 15-2 қосымшасының кестесін толтырамыз.

Салық төлеушінің аталуы — «Молшылық» ЖШС
СТТН 582000027863

№ 15-2 қосымша

2006 жылдың ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

(мың теңге)

Көрсеткіштердің аталуы		Сомасы	
		Табыстар	Шығыстар
Өнім (жұмыстар, қызметтер) өткізуден түскен табыс	01	950,0	-
Өткізілген өнімнің (жұмыстар, қызметтер) өзіндік құны	02	-	901,7
Жалпы табыс (01-02)	03	48,3	-
Кезең шығыстарының барлығы	04	-	-
оның ішінде:		-	-
Жалпы және әкімшілік шығыстар	05	-	-
Өткізу бойынша шығыстар	06	-	-
Сыйақы түріндегі шығыстар	07	-	-
Негізгі қызметтен түскен табыс (залал) (03-04)	08	48,3	-
Негізгі емес қызметтен түскен табыс (залал)	09	-	-
Салық салынуға дейінгі дағдылы негізгі қызметтен түскен табыс (залал)	10	48,3	-
Табыс салығы бойынша шығыстар	11	-	14,5
Салық салынғаннан кейінгі дағдылы негізгі қызметтен түскен табыс (залал) (10-жол — 11-жол)	12	33,8	-
Төтенше жағдайлардан болған залал	13	-	-
Таза табыс (залал) (12-жол + (-) 13-жол)	14	33,8	-

XII. Қаржылық есеп бойынша пайданы (залалды) декларация бойынша табыспен (залалмен) салыстырамыз. Ол үшін жылдық декларацияның №15а қосымшасының кестесін пайдаланамыз.

1) Қаржылық есеп бойынша таза пайданы (залалды) анықтап қойғанбыз және ол тең болады — 33,8 мың теңге.

2) Корпорациялық табыс салығының (салық есебі бойынша) мөлшерін де біз анықтап қойғанбыз және ол тең болады — 17,9 мың теңге.

4) Бухгалтерлік есепте бейнеленген, бірақ бұл декларацияның шегерулеріне енгізілмейтін шығыстарды есептейміз.

а) Екі жағдайда, корпоративтік табыс салығының мөлшеріне, яғни 30%-ға, кемітілген табыстардың сомалары арасындағы айырма ($59,6 - 48,3$) x 0,7 (яғни 70%) — 7,9 мың теңге.

5) 1-ден 4-жолды қоса сомасы — 59,6 мың теңге.
 9) Салық салынатын табыс (5-жол — 8-жол) (бұл нәтиже декларацияның 32-ші жолының мөлшеріне тең болады және ол тең болады — **59,6 мың теңге**

№ 15а қосымшасының кестесін толтырамыз

№ 15а қосымшасы

Салық төлеушінің аталуы — «Молшылық» ЖШС
 СТТН 582000027863

Қаржылық есеп бойынша табысты (залалды) декларация бойынша табыспен салыстыру

(мың теңге)

1	Қаржылық есеп бойынша таза пайда (залал)	33,8
2	Корпоративтік табыс салығы	17,9
3	Салық салынуға жататын, бірақ бухгалтерлік есепте биылғы жылы бейнеленбеген табыс	
	а	
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	3а, 3б, 3в, 3г, 3д, 3е жолдары бойынша жиынтық	-
4	Бухгалтерлік есепте көрсетіліп, бірақ бұл декларацияға енгізілмеген шығыстар	
	а Табыстар сомаларының арасындағы айырма	7,9
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	4а, 4б, 4в, 4г, 4е жолдары бойынша жиынтық	7,9
5	1-ден 4-жолды қоса жиынтықтың сомасы	59,6
6	Бухгалтерлік есепте есепке алынған, бірақ декларацияға енгізілмеген табыс	
	а	
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	ж	

1	2	3
	ба, бб, бв, бг, бд, бе, бж жолдары бойынша жиынтық	-
7	Бухгалтерлік есеп бойынша шығыстарға апарылмаған бұл декларацияның шегерулері	
	а	
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	ж	
	7а, 7б, 7в, 7г, 7д, 7е, 7ж жолдары бойынша жиынтық	-
8	6 мен 7-жолдардың сомасы	-
9	Салық салынатын табыс (5-жол — 8-жол). (нәтижесі декларацияның 32-жолындағы мөлшерге тең болуы тиіс)	59,6

XIII. Кәсіпорынның бөлінбеген пайдасының сомасын есептейміз. Ол үшін біз жылдық декларацияның № 15б қосымшасының кестесін пайдаланамыз.

- 1) Жыл басына сальдо (жылдың басындағы №15 қосымшаның 26-шы жолынан өткізіледі). Біздің жағдайда ол — жоқ
- 2) Қаржылық есеп бойынша таза пайда — 33,8 мың теңге.
- 4) 1, 2, 3 жолдардың сомаларының жиынтығы — 33,8 мың теңге
- 1) Бөлінбеген пайданың басқа кемулері:
 - а) айыппұлдар төлеу (44-ші операцияда) — 8,5 мың теңге.
 - б) қайырымдылық қоры (45-ші операцияда) — 20,0 мың теңге.
 - 7) Жиынтығы (5, 6-жолдардың сомасы) — 28,5 мың теңге.
 - 8) Жылдың соңындағы сальдо (4-жол — 7-жол) — **5,3 мың теңге.**

(Анықталған сома жылдың соңындағы декларацияның №15 қосымшаның 26 жолдағы сомамен тең болуы тиіс). Одан басқа бұл сома шаруашылық операциялардың журналында 57-ші операцияда бейнеленеді.

№ 15б қосымшасының кестесін толтырамыз.

Салық төлеушінің аталуы — «Молшылық» ЖШС
СТТН 582000027863

100-ші үлгі
15б қосымшасы

**Бөлінбеген пайданың (жабылмаған залалдың)
сомалары мен оның қозғалысы туралы**

ЕСЕП (мың теңге)

1	Жылдың басындағы сальдо (жылдың басына 15 қосымшаның 26 жолынан алып өткізіледі)	-
2	Қаржылық есеп бойынша таза табыс (залал)	33,8
3	Бөлінбеген пайданың басқа көбеюлері	
	а	
	б	
	в	
4	1-ден 3-жолды қоса сомалардың жиынтығы	33,8
5	Төлеуге бағытталған дивидендтер	-
6	Бөлінбеген пайданың басқа кемулері	
	а Айыппұлдар	8,5
	б Қайырымдылық	20,0
	в	
7	5 пен 6-жолдардың жиынтығы	28,5
8	Жылдың соңындағы сальдо. (4-жол — 7-жол). (Табыстардың анықталған сомасы жылдың соңына 15 қосымшаның 26-жолының сомасымен сәйкес келуі тиіс)	5,3

XIV. Бөлімнің соңында 2006 жылдың бухгалтерлік балансын (жылдық декларацияның №15 қосымшасына сәйкес) құрастырамыз. Ол үшін айналым ведомосының жәрдеміне сүйенеміз. Жылдың басында сальдо болмаған, яғни нөлге тең болған.

Көрсеткіштердің аталуы	Жылдың басына	Жылдың соңына
Активтер		
Негізгі құралдар.		
6) Көлік құралдары (2414 шот бойынша сальдо)		913,0
Жиынтығы:		913,0
Тауар-материалдық қорлар		
16) Дайын өнім, тауарлар (1331, 1332 шот бойынша сальдо)	-	164,0
17) Дебиторлық қарыздар (3130 шот бойынша сальдо)	-	10,1
20) Ақша қаражаттары (1010, 1040 шоттар бойынша сальдо)	-	105,0
Жиынтығы:	-	279,1
Барлығы:	-	1192,1

1	2	3
Пассивтер		
Меншікті капитал.		
22) Жарияланған капитал (5010 шот бойынша сальдо)	-	700,0
26) Бөлінбеген пайда (5430 шот бойынша сальдо)	-	5,3
Жиынтығы:	-	705,3
Ағымдағы міндеттемелер.		
29) Қысқа мерзімді несиелер (3010 шот бойынша сальдо)	-	400,0
31) Кредиторлық қарыздар (1333, 1334, 1250, 3210, 3360 шоттары бойынша сальдо)	-	62,5
32) Салықтар бойынша қарыздар (3110, 3150, 3170 шоттар бойынша сальдо)	-	24,3
Жиынтығы:	-	486,8
Барлығы:	-	1192,1

Бухгалтерлік баланстың кестесін толтырамыз.

Салық төлеушінің аталуы — «Молшылық» ЖШС
СТТН 582000027863

100-ші үлгі
15 қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2005 жылғы 22 желтоқсандағы №427
бұйрығымен бекітілген

2006 жылдың бухгалтерлік балансы

(мың теңге)

АКТИВТЕР	Жол коды	Есептік кезеңнің соңында	Есептік кезеңнің басында
1. Қысқа мерзімді активтер			
Ақша қаражаты және оның эквиваленттері	010	105,0	-
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011	-	-
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	012	-	-
Қорлар	013	164,0	-
Ағымдағы салықтық активтер	014	10,1	-
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	015	-	-
Өзге де қысқа мерзімді активтер	016	-	-
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	100	279,1	-
2. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	020	-	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	021	-	-
Үлес қосу әдісімен есептелінетін инвестициялар	022	-	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	023	-	-

1	2	3	4
Негізгі құралдар	024	913,0	-
Биологиялық активтер	025	-	-
Барлау және бағалау активтері	026	-	-
Материалдық емес активтер	027	-	-
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	028	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	029	-	-
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	200	913,0	-
Баланс (100-жол + 200-жол)		1192,1	-

ПАССИВТЕР	Жол коды	Есептік кезеңнің соңында	Есептік кезеңнің басында
3. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	030	400,0	-
Салықтар бойынша міндеттемелер	031	24,3	-
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	032	1,5	-
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	033	61,0	-
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	034	-	-
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	035	-	-
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	300	486,8	-
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	040	-	-
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	041	-	-
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	042	-	-
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	043	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	044	-	-
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны	400	-	-
5. Капитал			
Шығарылған капитал	050	700,0	-
Эмиссиялық кіріс	051	-	-
Сатып алынған жеке меншік үлестік аспаптар	052	-	-
Резервтер	053	-	-
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	054	5,3	-
Аздық үлесі	055	-	-
Капитал жиыны	500	705,3	-
Баланс (300-жол + 400-жол + 500-жол)		1192,1	-

Енді кәсіпорынның залалдық жағдайындағы нәтиженің қарауын ұсынамыз. Ол үшін төмендегі көрсеткіштерді өзгертеміз:

САЛЫҚ ЕСЕБІ БОЙЫНША:

Жылдық жиынтық табыс — **850000 теңге.**

Бұл жағдайда жиынтық залал: жылдық жиынтық табыспен минус барлық шегерулердің айырмасына тең болады.

$850000 - 890400 = 40400$ теңге залал

Мұндай жағдайда корпоративтік табыс салығы есептелінбейді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП БОЙЫНША:

$850000 - 901720 = 51720$ теңге залал.

Корпоративтік табыс салығы және есептелінбейді. Демек, таза залал 51720 теңгеге тең болады.

Қаржылық есеп бойынша залалдың мөлшерін декларация бойынша көрсетілген залалмен салыстырамыз. Ол үшін және жылдық декларацияның №15а қосымшасының кестесін пайдаланамыз.

1) Қаржылық есеп бойынша залал — (-51,7) мың теңге

2) Корпорациялық табыс салығы — жоқ

4) Бухгалтерлік есепте бейнеленіп, бірақ бұл декларацияның шегерулеріне енгізілмеген шығыстар:

а) залалдар сомаларының арасындағы айырма (қаржылық және салық есептері бойынша) — 11,3 мың теңге

Олардың есептері: $(51720 - 40400) = 11320$ теңге.

5) 1-ден 4-жолды қоса сомасы — (-40,4) мың теңге

9) Салық салынатын табыс (5-жол — 8-жол) (бұл нәтиже декларацияның 32-жолындағы мөлшерге тең болуы тиіс) ол тең болады — **(-40,4) мың теңге**

№ 15а қосымшасының кестесін толтырамыз.

Салық төлеушінің аталуы — «Молшылық» ЖШС
СТТН 582000027863

100-ші үлгі
15а қосымшасы

Қаржылық есеп бойынша табысты (залалды) декларация бойынша табыспен салыстыру

(мың теңге)

1	Қаржылық есеп бойынша таза табыс (залал)	(-51,7)
2	Корпорациялық табыс салығы	-
3	Салық салынуға жататын, бірақ бухгалтерлік есепте биылғы жылы бейнеленбеген табыс	
	а	
	б	

1	2	3
	в	
	г	
	д	
	е	
	3а, 3б, 3в, 3г, 3д, 3е жолдары бойынша жиынтық	-
4	Бухгалтерлік есепте көрсетіліп, бірақ бұл декларацияға енгізілмеген шығыстар	
	а <i>Залалдар сомаларының арасындағы айырма</i>	11,3
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	4а, 4б, 4в, 4г, 4е жолдары бойынша жиынтық	11,3
5	1-ден 4-жолды қоса жиынтықтың сомасы	(-40,4)
6	Бухгалтерлік есепте есепке алынған, бірақ декларацияға енгізілмеген табыс	
	а	
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	ж	
	6а, 6б, 6в, 6г, 6д, 6е, 6ж жолдары бойынша жиынтық	-
7	Бухгалтерлік есеп бойынша шығыстарға апарылмаған бұл декларацияның шегерулері	
	а	
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	ж	
	7а, 7б, 7в, 7г, 7д, 7е, 7ж жолдары бойынша жиынтық	-
8	6-мен 7-жолдардың сомасы	-
9	Салық салынатын табыс (залал) (5-жол — 8-жол). (нәтижесі декларацияның 32-жолындағы мөлшерге тең болуы тиіс)	(-40,4)

Енді жабылмаған залалдың сомасын есептеп шығарамыз. Ол үшін жылдық декларацияның №15б қосымшасының кестесін пайдаланамыз.

1) Жыл басындағы сальдо (жылдың басындағы № 15 қосымшаның 26-шы жолынан көшіріледі)

Біздің жағдайда ол жоқ болған — жоқ

2) Қаржылық есеп бойынша залал — (-51,7) мың теңге

4) Жиынтығы (1-ден 3-жолды қоса сомасы) — (-51,7) мың теңге

6) Бөлінбеген пайданың басқа кемулері:

а) айыппұлдардың төленуі (44-ші операция бойынша)

— 8,5 мың теңге

б) қайырымдылық қорлар (45-ші операция бойынша)

— 20,0 мың теңге

7) Жиынтығы (5-пен 6-жолдардың сомасы) — 28,5 мың теңге

8) Жылдың соңындағы сальдо (4-жол — 7-жол)

— (-80,2) мың теңге

(Бұл сома декларациядағы № 15 қосымшадағы 26-жолдағы сомаға тең болуы тиіс)

№ 15б қосымшасының кестесін толтырамыз.

Салық төлеушінің аталуы — «Молшылық» ЖШС
СТГН 582000027863

100-ші үлгі 15б қосымшасы

**Бөлінбеген пайданың (жабылмаған залалдың)
сомалары мен оның қозғалысы туралы**

ЕСЕП

(мың теңге)

1	Жылдың басына сальдо (жылдың басына 15 қосымшаның 26-жолынан алып өткізіледі)	-
2	Қаржылық есеп бойынша таза табыс (залал)	(-51,7)
3	Бөлінбеген пайданың басқа көбеюлері	
	а	
	б	
	в	
4	1-ден 3-жолды қоса сомалардың жиынтығы	(-51,7)
5	Төлеуге бағытталған дивидендтер	-
6	Бөлінбеген пайданың басқа кемулері	
	а <i>Айыппұлдар төлеу</i>	8,5
	б <i>Қайырымдылық</i>	20,0
	в	
7	5-пен 6-жолдардың жиынтығы	28,5
8	Жылдың соңындағы сальдо. (4-жол — 7-жол). (Табыстардың анықталған сомасы жылдың соңына 15 қосымшаның 26-жолының сомасымен сәйкес келуі тиіс)	(-80,2)

Сонымен, біз нақты мысалдардағы операцияларда сауда немесе коммерциялық кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің толық жүру кезеңін көрсеттік.

Сауда-коммерциялық қызмет туралы айта отырып, біз теңбе-тең емес (неадекватный) операция келісім шарттары бойынша өткізілген тауарлар, материалдар, айналымнан тыс активтер және т.б. қайтару туралы тоқталып өтуіміз қажет. Аталмыш операция біздің қоғамда тек қана нарықтық экономикаға өтуге байланысты мүмкін болды. Бұл алушының өзінің мұқтаждықтары үшін тауарларды таңдау мен сатып алуда құқығын қорғайды, ал сатушының өткізілген тауары үшін жауапкершілік дәрежесін жоғарылатады.

Мысал келтіреміз (негізгі мысалдың жалғасы).

Келісім шарттар бойынша алушы 69600 теңге көлемінде тауарларды қайтарды. Тауарларды өткізудің қайта есептеуі мен өткізудің сомасын шығару қажет.

Біздің жағдайда 12-ші операция бойынша 950000 теңгеге тауарлардың өткізілуі көрсетілген. Одан соң, тауарлардың бұл көлеміне 14-ші операцияда 133000 теңгеге өткізілген тауарлар бойынша есептелген ҚҚС бейнеленген. 13-ші операцияда 678572 теңгеге сатып алынған баға бойынша өткізілген тауарлардың құны өткізудің өзіндік құнына шығыс етілді.

Одан кейін, қаржылық және салық есептері бойынша жиынтық кіріс анықталды.

Қайтарылған тауарлар мен оның салдары бойынша шаруашылық операцияларды бейнелеу

№	Операциялардың аталуы	Сомасы	Шоттардың байланысы	
			Дт	Кт
1	2	3	4	5
58	Өткізілген тауарлардың қайтарылуы	60000	6020	3390
59	Өткізілген тауарлар бойынша ҚҚС-ның сомаларын қайтару	8400	3130	3390
60	Есеп айырысу шотынан алушыға сатылымның сомасын аудару	68400	3390	1040
61	«Қызыл сторно» әдісімен сатып алынған баға бойынша қайтарылған тауарлардың өзіндік құнын анықтау	42857	7010к	1331
62	Қайтарылған тауарлардың шотын 5410 шотқа жабу	60000	5410	6020
63	Қайтарылған тауарлардың өзіндік құны бойынша шотын 5410 шотқа жабу	42857	5410	7010к
64	Есепті жылдың бөлінбеген табысының (залалының) сомасын анықтау	17143	5430	5410

Бұрынғы шаруашылық операцияларды есепке ала отырып, қызметтің қазіргі кезеңіне (өткізілген тауарларды қайтаруда) белгіленген шоттар бойынша есеп регистрларын құрамыз.

№ 1331 шот «Тауарлар (қоймада)»

Бұл шоттың дебеті бойынша операциялар өтпейді, ал 61-ші операцияда кредит бойынша 42857 теңгеді қайтарылып (сторноланып) өтеді.

Бұл жағдай осы шот бойынша қалдықтар сол сомаға көбейгенін білдіреді.

Дт	1331	Кт
C = 50000		
—		61) 42857
Ай = 0		Ай = 42857
C = 92857		

№ 1040 шот «Ағымдағы банктік шоттағы ақшалар»

Бұл шоттың дебеті бойынша операциялар өтпейді, ал 60-шы операцияда кредит бойынша 68400 теңгеді өтеді.

Бұл жағдай есеп айырысу шотындағы ақшалардың сол сомаға кемігенін білдіреді.

Дт	1040	Кт
C = 87220		
—		60) 68400
—		Ай = 68400
C = 18820		

№ 5430 шот «Өткен жылдардағы бөлінбеген кіріс (жабылмаған залал)»

Бұл шоттың дебеті бойынша 64-ші операцияда 17143 теңгеді өтеді, ал кредит бойынша операциялар өтпейді.

Бұл жағдай алдыңғы жылдардың бөлінбеген табысы сол сомаға кеміп, соңынан залалға ауысқанын білдіреді.

Дт	5430	Кт
		С = 3650
65) 17143		
Ай = 17143		—
С = 13493		

№ 5410 шот «Есептік жылдың пайдасы (залалы)»

Бұл шоттың дебеті бойынша 62-ші, 63-ші операцияларда 60000 теңге өтеді және 42857 теңгеде сома қайтарылады (сторноланады), ал кредит бойынша 17143 теңге өтеді.

Бұл шоттың теңдік жағдайында тұрғандығын және сальдолар жоқ екендігін білдіреді.

Дт	5410	Кт
62) 60000		64) 17143
63) 42857		
Ай = 17143		Ай = 17143

№ 3130 шот «Төленуге тиісті ҚҚС»

Бұл шоттың дебеті бойынша 59-шы операцияда 8400 теңге өтеді, ал кредит бойынша операциялар өтпейді. Жағымды сальдо көбейді. Бұл жағдай ҚҚС-ның артық төлеуінің сомасы көбейгенін білдіреді.

Дт	3130	Кт
С = 7280		
59) 8400		—
Ай = 8400		Ай = 0
С = 15680		

№ 3390 «Сатылым бойынша есеп айырысулар»

Бұл шоттың дебеті бойынша 60-шы операцияда 68400 теңге өтеді, ал кредит бойынша 58-ші, 59-шы операцияларда да 69600 теңге өтеді, сальдолар жоқ.

Бұл жағдай алушымен сатылым бойынша толық есеп айырылысқанын білдіреді.

Дт	3390 сату	Кт
		С = 0
60) 68400		58) 60000
		59) 8400
Ай = 68400		Ай = 68400
		С = 0

№ 6020 шот «Сатылған өнімді қайтару»

Бұл шоттың дебеті бойынша 58-ші операцияда 60000 теңге өтеді, ал кредиті бойынша да 62-ші операцияда 60000 теңге өтеді. Сальдолар жоқ.

Дт	6020	Кт
		С = 0
58) 60000		62) 60000
Ай = 60000		Ай = 60000
		С = 0

№7010к шоты «Өткізілген өнімдердің өзіндік құны»

Бұл шоттың дебеті бойынша 42857 теңге қайтарылады (сторноланады), ал кредит бойынша да 63-ші операцияда 42857 теңге қайтарылады (сторноланады). Сальдолар жоқ.

Дт	7010 к	Кт
С = 0		
61) 42857		63) 42857
Ай = 42857		Ай = 42857
С = 0		

Өткізілген тауарлардың қайтарылу процесін қаржылық көзқарастан талдаймыз:

- 1) Тауарлардың қалдықтары көбейді

- 2) Ағымдағы банктік шоттағы ақшалардың қалдығы кемиді
- 3) ҚҚС бойынша артық төлеу сомасының мөлшері көбейді
- 4) Бөлінбеген кірістің сомасы кемиді.

(сандардың мөлшерін проводкаларда қараңыз).

Енді студенттерге осы саладағы бухгалтерлік және салық есептері бойынша өздерінің білімдерін тексеру мен дағдылығын қалыптастыруға мүмкіндік береміз.

№ 1 есеп

Кәсіпорында 2006 жылдың 1 қаңтарына құралдар мен олардың көздерінің төмендегі түрлері бар: баланстық құны бойынша 854788 теңгеге көлік құралдары, қоймада 80434 теңгелік тауарлар бар, саудадағы тауарлардың жиынтығы 342504 теңге, сатылатын тауарларға 119876 теңге көлемінде үстеме баға есептеліп, бірақ сатылған жоқ.

Тауардың бағасындағы есептелген ҚҚС — 64733 теңге. Есепті тұлғалардың дебиторлық қарызы 12573 теңгеге тең. Банктегі кәсіпорынның есеп айырысу шотында 124308 теңге ақша бар. Кассада 10386 теңге қолма-қол ақша бар. Кәсіпорынның жарғылық капиталы 529973 теңге мөлшерде қалыптасқан. 85374 теңге көлемінде алдыңғы жылдардың бөлінбеген табысы бар. Банктердің несиелері бойынша 338476 теңге қарызы бар.

Салықтар бойынша қарыздар:

- а) корпорациялық табыс салығы 3096 теңге;
- б) төленуге тиісті ҚҚС 83066 теңге;
- в) жеке табыс салығы 17899 теңге;
- г) әлеуметтік салық 32086 теңге;
- д) көлік салығы 7224 теңге.

Төмендегі қарыздар бар: жинақтаушы зейнетақы қорына төлемдер аудару бойынша 36025 теңге; әлеуметтік қамсыздандыру бойынша төлем есептеуден 3076 теңге; еңбекақы төлеу бойынша 89017 теңге; жал ақысын төлеу бойынша 15072 теңге.

Жоғарыдағы мәліметтер бойынша активтер мен пассивтердің сомаларын анықтап, кіріспе баланс құрастырыңыз.

№ 2 есеп

Кәсіпорынның кассасында 47815 теңге қолма-қол ақша бар.

Есепті кезең ішінде кассаға төмендегі ақша қаражаттары келіп түсті:

- а) салымдар мен пайлардан 348700 теңге;
- б) өнім, тауарлар өткізуден 1373958 теңге .

Жұмсалған қаражаттар:

Кассадан есеп айырысу шотына 705000 теңге өткізілді; персоналға 236718 теңге еңбекақы берілді; уақытша еңбекке жарамсыздық парағы (бюллетень) бойынша 12478 теңге төленді; есепті тұлғаларға іссапар шығыстары мен басқа шаруашылық мұқтаждықтарына 26258 теңге берілді; жалдың ақысына 36600 теңге қолма-қол ақша төленді; жеткізушілердің шоттары бойынша 748017 теңге мөлшерінде қолма-қол ақша төленді.

Көрсетілген өзара есеп айырысулардан соң кассадағы ақша қаражаттарының қалдығын анықтап, есеп регистрін дұрыс құрыңыз.

№ 3 есеп

Кеңсені жалдау үшін 36400 теңге мөлшерде жал ақысы (жалдық келісім бойынша) есептелді. Өткізілген тауарлардың құны (сатып алынған баға бойынша) өткізудің өзіндік құнына 1248718 теңгешығыс етілді. Персоналға 347015 теңге еңбекақы есептелді. Персоналдың еңбекақысынан 65586 теңге әлеуметтік салық есептелді. Әлеуметтік қамсыздандыруға 5205 теңге қаржылар есептелді. Есепті сомаларға сатып алынған кеңсе заттары 5137 теңге мөлшерде өзіндік құнға шығыс етілді. Іссапар шығыстары 16088 теңге өзіндік құнға шығыс етілді. Көлік салығы бойынша шығындар 7808 теңге өзіндік құнға шығыс етілді.

Бұл шығыстар шығындардың қандай түріне жататынын анықтап, тиісті шот бойынша есеп регистрін құрыңыз және ол 5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына қандай сомада жабылатынын есептеп шығарыңыз.

№ 4 есеп

Кәсіпорын сауда-коммерциялық қызметтен 3446856 теңге мөлшерінде жылдық жиынтық кіріс алды. Қаржылық есеп бойынша шығындардың мөлшері 3289578 теңгені құрайды. Салық есебі бойынша шегерулердің көлемі 3201327 теңгеге тең болды.

Кәсіпорын бір жыл ішінде салық инспекциясына 57043 теңге айыппұлдар мен өсім төледі.

Қаржылық және салық есептері бойынша кірістердің мөлшерін есептеңіз, одан соң оларды салыстырыңыз және бөлінбеген пайданың (жабылмаған залалдың) мөлшерін анықтаңыз.

III. БӨЛІМ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП

Экономиканың ауыл шаруашылығы саласы жөнінде айта отырып, бұл саланың ерекшеліктері туралы атап өтпеу мүмкін емес. Ол адамның тамақ және күнделікті тұтыну (астық, картоп, ет, сүт, тері, жүн, мөңдір, мүйіз және т.б.) заттарымен қамтамасыз ету үшін қажетті шикізат пен өнімді жеткізіп беруші басты сала болып саналады.

Оның басты ерекшеліктері:

- 1) ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағалар шектеулі болады;
 - 2) барлық ауыл шаруашылық мәселелерінің шешімдері жер мәселесімен тікелей байланысты болады;
 - 3) ауыл шаруашылығы көбінесе табиғи және ауа райына байланысты болады;
 - 4) өсімдік шаруашылығында суды пайдалану;
 - 5) ауыл шаруашылық өндірісінің бытырап орналасуы және т.б.
- Өндіріске әсерін тигізетін бұл факторларды есепке ала отырып, мемлекет ауыл шаруашылығындағы корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін 10%-ға дейін төмендетті.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің бухгалтерлік есебін «Арай» акционерлік қоғамының (АҚ) нақты мысалында қараймыз.

«Арай» АҚ-ның реквизиттері:

СТТН № 581400002406. Түркістан қаласындағы «Темір» банкінде №000439209 есеп айырысу шоты бар. Кәсіпорын Түркістан ауылдық аймағының Қарашық ауылында Б. Майлин көшесіндегі № 38 үйге жайғасқан.

Бас директор: Д. Р. Әбдішүкіров

Бас бухгалтер: Д. М. Әбілова.

Кәсіпорын ауыл шаруашылығымен айналысады. Бидай, мақта өсіреді және сүт өндіреді.

«Арай» АҚ өзінің қызметін 3 жыл бұрын бастаған. Қазіргі уақытқа дейін сауын сиырлардың негізгі табыны қалыптасқан. Кәсіпорында барлық қажетті қоражайлар, ауыл шаруашылық және өнім жинайтын техника, автокөлік паркі бар. Пайдаланылатын ауыл шаруашылық жерлер — 2450 га, оның ішінде: жыртылған жер — 350 га, жайылым — 1500 га, суарылмайтын жер — 600 га.

I. Кәсіпорында 2006 жылдың 1 қаңтарына құралдар мен олардың көздерінің төмендегі түрлері бар:

- 1) Үйлер мен ғимараттардың баланстық құны — 2000000 теңге;
- 2) Үйлер мен ғимараттардың тозуы — 400000 теңге;
- 3) Машиналар мен жабдықтардың баланстық құны — 1000000 теңге;
- 4) Машиналар мен жабдықтардың тозуы — 200000 теңге;
- 5) Көлік құралдарының баланстық құны — 600000 теңге;
- 6) Көлік құралдарының тозуы — 100000 теңге;
- 7) Құнарлы мал (негізгі табын) — 3500000 теңге;
- 8) Құнарлы малдың төлі — 600000 теңге;
- 9) Материалды жауапты тұлғалардың қалдықтары мен қоймада 300000 теңгеге материалдар бар;
- 10) Кәсіпорынның кассасында 40000 теңге қолма-қол ақша бар;
- 11) Банктегі есеп айырысу шотында 180000 теңге ақша бар;
- 12) Персоналға 300000 теңге мөлшерде еңбекақы есептелген, бірақ берілмеген;
- 13) Кәсіпорын 500000 теңгеге материалдар алып, әлі жеткізушімен есеп айырысқан жоқ;
- 14) Кәсіпорында алдыңғы жылдардың 650000 теңге мөлшерінде бөлінбеген табысы бар;
- 15) Банктен қысқа мерзімді несие 300000 теңге мөлшерінде алынып, бірақ әлі қайтарылған жоқ;
- 16) 300000 теңге көлемде аяқталмаған өндіріс (өсімдік шаруашылығы) бар;
- 17) Жарғылық капитал 6570000 теңге мөлшерінде қалыптасқан;
- 18) Алушылардың дебиторлық қарыздары 500000 теңгені құрайды.

Осы мәліметтер бойынша 2006 жылдың 1 қаңтарына кәсіпорынның кіріспе балансын құрастыруымыз қажет.

Бірінші операция: үйлер мен ғимараттар активтерге жатады және бастапқы сальдо (Сб) № 2412 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Екінші операция: үйлер мен ғимараттардың тозуы пассивтерге жатады және Сб № 2421 шоттың кредиті бойынша бейнеленеді.

Үшінші операция: машиналар мен жабдықтар активтерге жатады және Сб № 2413 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Төртінші операция: машиналар мен жабдықтардың тозуы пассивтерге жатады және Сб № 2423 шоттың кредиті бойынша бейнеленеді.

Бесінші операция: көлік құралдары активтерге жатады және Сб № 2414 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Алтыншы операция: көлік құралдардың тозуы пассивтерге жатады және Сб № 2425 шоттың кредиті бойынша бейнеленеді.

Жетінші операция: құнарлы мал (негізгі табын) активтерге жатады және Сб № 2520 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Сегізінші операция: құнарлы малдың төлі активтерге жатады және Сб № 2930 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Тоғызыншы операция: материалдар активтерге жатады және Сб № 1310 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Оныншы операция: кассадағы қолма-қол ақша активтерге жатады және Сб № 1010 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Он бірінші операция: есеп айырысу шотындағы ақшалар активтерге жатады және Сб № 1040 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Он екінші операция: еңбекақы бойынша есеп айырысулар пассивтерге жатады және Сб № 3350 шоттың кредиті бойынша бейнеленеді.

Он үшінші операция: жеткізушілермен есеп айырысулар пассивтерге жатады және Сб № 3310 шоттың кредиті бойынша бейнеленеді.

Он төртінші операция: алдыңғы жылдардың бөлінбеген табысы пассивтерге жатады және Сб № 5430 шоттың кредиті бойынша бейнеленеді.

Он бесінші операция: банктердің қысқа мерзімді несиелері пассивтерге жатады және Сб № 3010 шоттың кредиті бойынша бейнеленеді.

Он алтыншы операция: аяқталмаған өндіріс активтерге жатады және Сб № 8010 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Он жетінші операция: жарғылық капитал пассивтерге жатады және Сб № 5010 шоттың кредиті бойынша бейнеленеді.

Он сегізінші операция: алушылардың қысқа мерзімді дебиторлық қарыздары активтерге жатады және Сб № 1210 шоттың дебеті бойынша бейнеленеді.

Бухгалтерлік шоттарды бейнелеу арқылы кіріспе баланс жасау кестесі

№	Шоттардың аталуы	2006 ж. 1.01. сальдо	
		Дт	Кт
1	1010 Кассадағы қолма-қол ақша	40000	-
2	1040 Ағымдағы банктік шоттағы ақшалар	180000	-
3	1210 Сатып алушылардың қысқа мерзімді берешегі	500000	-

4	1310 Материалдар	300000	-
5	2412 Үйлер мен ғимараттар	2000000	-
6	2413 Машиналар мен жабдықтар	1000000	-
7	2414 Көлік құралдары	600000	-
8	2421 Үйлер мен ғимараттардың тозуы	-	400000
9	2423 Машиналар мен жабдықтардың тозуы	-	200000
10	2425 Көлік құралдарының тозуы	-	100000
11	2520 Құнарлы және жұмысшы мал	3500000	-
12	2930 Құнарлы малдың төлі	600000	-
13	3010 Банктердің қысқа мерзімді несиелері	-	300000
14	3310 Жеткізушілерге қысқа мерзімді берешек	-	500000
15	3350 Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек	-	300000
16	5010 Жарияланған капитал	-	6570000
17	5430 Өткен жылдардағы бөлінбеген кіріс	-	650000
18	8010 Аяқталмаған өндіріс	300000	-
	ЖИЫНТЫҒЫ:	9020000	9020000

Дебет бойынша активтердің сомасы пассивтердің кредиті бойынша сомасына тең болуына назар аударыңыз. Бұл кіріспе баланстың дұрыс құрастырылғанын көрсетеді.

II. 2006 жыл ішінде кәсіпорында төмендегі қаржы және шаруашылық операциялары жасалды:

1) Жеткізушілерден 1560000 теңге мөлшерінде материалдар келіп түсті (шот-фактуралар бойынша);

2) Жеткізушілерден 120000 теңге мөлшерінде ауыл шаруашылық малдарына мал дәрігерлік қызмет ету үшін дәрі-дәрмектер келіп түсті (шот-фактуралар бойынша);

3) Жеткізушілерден 160000 теңге мөлшерінде құрылыс материалдары келіп түсті (шот-фактуралар бойынша);

4) Жеткізушіден 15000 теңгеге электр қуаты сатып алынды (шот-фактуралар бойынша);

5) Сатып алынған электр қуаты, дизель жанармайы мен бензин үшін 4600 теңгеге акциз қойылды (шот-фактуралар бойынша);

6) Ауыл шаруашылық дақылдарын суару жөнінен пайдаланған су үшін 380000 теңге төлем есептелген (шот-фактуралар бойынша);

7) Жеткізушілерден 850000 теңгеге дизель жанармайы мен бензин келді (шот-фактуралар бойынша);

8) Жеткізушілерден сатып алынған ресурстар, материалдар бойынша өтелуге тиіс ҚҚС 431900 теңгені құрайды (шот-фактуралар бойынша);

9) Өсімдік шаруашылығы мұқтаждықтарына 1500000 теңгеге материалдар жұмсалды (материалдық есептер бойынша);

10) Мал шаруашылығының мұқтаждықтарына 60000 теңгеге материалдар жұмсалды (материалдық есептер бойынша);

11) Шаруашылық әдіспен қой қора соғу үшін 160000 теңгеге құрылыс материалдары жіберілді (материалдық есептер бойынша);

12) Өтелуге тиіс ҚҚС бойынша 431900 теңге есепке жатыстырылды (декларациялар бойынша);

13) Жанар-жағар материалдар 850000 теңге сомада өндіріс шаруашылығының мұқтаждықтарына шығыс етілді (материалдық есептер бойынша);

14) Мал шаруашылығы мұқтаждықтарына 100000 теңгеге дәрі-дәрмектер шығыс етілді (материалдық есептер бойынша);

15) Электр қуаты мал шаруашылығы мұқтаждықтарына 19600 теңге мөлшерінде шығыс етілді (шот-фактуралар бойынша);

16) Кәсіпорынның өз күшімен 840000 теңге мөлшерінде малға шөп пен жем дайындалды (калькуляция бойынша);

17) Мал шаруашылығы мұқтаждықтарына 700000 теңгеге шөп пен жем берілді (жүккүжаттар бойынша);

18) Әкімшілік-басқару персонал (ӘБП) қызметкерлерінің еңбекақысы 180000 теңге мөлшерінде есептелді (табельдер бойынша);

19) Өсімдік шаруашылығындағы қызметкерлердің еңбекақысы 680000 теңге мөлшерінде есептелді (жүктелімдер бойынша);

20) Мал шаруашылығындағы қызметкерлердің еңбекақысы 460000 теңге мөлшерінде есептелді (жүктелімдер бойынша);

21) Еңбекақысынан жинақтаушы зейнетақы қорына 146000 теңге мөлшерінде төлемдер есептелді (ұсталды) (есептер бойынша);

22) Персоналдың еңбекақысынан 72000 теңге жеке табыс салығы ұсталды (есептер бойынша);

23) ӘБП қызметкерлерінің еңбекақысы есебінен 27540 теңге мөлшерінде әлеуметтік салық есептелді (есептер бойынша);

24) Өсімдік шаруашылығы жұмысшыларының еңбекақысы есебінен 85680 теңге мөлшерінде әлеуметтік салық есептелді (есептер бойынша);

25) Мал шаруашылығы жұмысшыларының еңбекақысы есебінен 57960 теңге мөлшерінде әлеуметтік салық есептелді (есептер бойынша);

26) ӘБП қызметкерлерінің әлеуметтік сақтандыруына 4860 теңге есептелді (есептер бойынша);

27) Өсімдік шаруашылығы жұмысшыларының әлеуметтік сақтандыруына 18360 теңге есептелді (есептер бойынша);

28) Мал шаруашылығы жұмысшыларының әлеуметтік сақтандыруына 12420 теңге есептелді (есептер бойынша);

29) Әлеуметтік төлемдер 18600 теңге мөлшерінде жасалды (уақытша еңбекке жарамсыздықтың парағы бойынша);

30) Өсімдік шаруашылығының өнімі 3100000 теңгеге өндірілді (есептер бойынша);

31) Мал шаруашылығының өнімі 1400000 теңгеге өндірілді (есептер бойынша);

32) Құнарлы малдан 84000 теңге мөлшерінде төл алынды (бонитировка актісі бойынша);

33) Төл өсіру үшін 100000 теңгеге шөп пен жем шығыс етілді (жүккүжаттар бойынша);

34) Төлді бағу үшін 20000 теңгеге дәрі-дәрмек шығыс етілді (жүккүжаттар бойынша);

35) Төл өсірудегі жұмысшылардың еңбекақысы 120000 теңге мөлшерінде есептелді (жүктелімдер бойынша);

36) Төл өсірудегі жұмысшылардың еңбекақысы есебінен 18360 теңге мөлшерінде әлеуметтік салық есептелді (есептер бойынша);

37) Төл өсірудегі жұмысшылардың еңбекақысы есебінен 3240 теңге мөлшерінде әлеуметтік сақтандыруға төлемдер есептелді (есептер бойынша);

38) Жасы келген төл 300000 теңге көлемінде негізгі табынға көшірілді (жыныс-жас топтары бойынша);

39) Негізгі табында 35000 теңге мөлшерінде құнарлы малдың өліміне жол қойылды (малды шығыс ету актісі бойынша);

40) 18000 теңге мөлшерінде төлдің өліміне жол қойылды (малды шығыс ету актісі бойынша);

41) Жаңадан соғылған қой қораның құрылысы 184080 теңге құны бойынша пайдалануға берілді (пайдалануға қабылдаудың актісі);

42) Пайдаланудағы үйлер мен ғимараттар бойынша 61000 теңге мөлшерінде амортизациялық өтелім есептелді (есептер бойынша);

43) Пайдаланудағы жабдықтар мен көлік құралдары бойынша 108000 теңге мөлшерінде амортизациялық өтелім есептелді (есептер бойынша);

44) Алушыға 450000 теңгеге көлік құралы сатылды (өткізу актісі мен шот-фактура бойынша);

45) Жұмысшыларға еңбекақысы есебінен 150000 теңгеге құнарлы мал берілді (малды жарамсыздыққа шығару актісі мен жүккүжат бойынша);

46) Өткізілген өнім мен тауарларға 756000 теңге ҚҚС-ы есептелді (шот-фактура бойынша);

47) Алушыға өсімдік шаруашылығының өнімі (сатылу бағасы бойынша) 3400000 теңге мөлшерінде өткізілді (шот-фактуралар бойынша);

48) Алушыға мал шаруашылығының өнімі (сатылу бағасы бойынша) 1550000 теңге мөлшерінде өткізілді (шот-фактуралар бойынша);

49) Еңбекақының есебінен өсімдік шаруашылығының өнімі (сатылу бағасымен) 500000 теңгеге берілді (жүккүжаттар бойынша);

50) Алушыдан есеп айырысу шотына 5364000 теңге мөлшерінде ақшалар түсті (төлем тапсырмасы бойынша);

51) Есеп айырысу шотынан кассаға 550000 теңге мөлшерінде қолма-қол ақша алынды (чек кітапшасы бойынша);

52) Еңбекақысы есебінен берілген өнімге 91000 теңге ҚҚС есептелді (жүккүжаттар мен декларация бойынша);

53) Босатылған өнімнің құны 754000 теңге мөлшерінде еңбекақысынан ұсталды (ведомость бойынша);

54) Айырбастау (бартер) 800000 теңгеге жасалды (жүккүжаттар бойынша);

55) Өзара есеп айырысулар есебінен 300000 теңгеге өнім өткізілді (жүккүжаттар бойынша);

56) Өзара есеп айырысулар есебінен өткізілген өнімге 42000 теңге ҚҚС есептелді (салыстырып тексеру актісі бойынша);

57) Өзара есеп айырысулар есебінен жеткізушілермен 342000 теңге мөлшерінде есеп айырылысты (салыстырып тексеру актісі мен шот-фактура бойынша);

58) Негізгі өндірістегі (өсімдік шаруашылығы) материалдар бойынша шығындарды 2730000 теңгеге қорытындылау (жүккүжаттар мен калькуляция бойынша);

59) Негізгі өндірістегі (өсімдік шаруашылығы) еңбекақы бойынша шығындарды 680000 теңгеге қорытындылау (ведомостар мен калькуляция бойынша);

60) Негізгі өндірістегі (өсімдік шаруашылығы) еңбекақыдан аударымдар бойынша шығындарды 104040 теңгеге қорытындылау (ведомостар мен калькуляция бойынша);

61) Негізгі өндірістегі (өсімдік шаруашылығы) үстеме шығыстар бойынша шығындарды 40000 теңгеге қорытындылау (есептер бойынша);

62) Негізгі өндірістегі (мал шаруашылығы) материалдар бойынша шығындарды 879600 теңгеге қорытындылау (жүккүжаттар мен калькуляция бойынша);

63) Негізгі өндірістегі (мал шаруашылығы) еңбекақы бойынша шығындарды 460000 теңгеге қорытындылау (ведомостар мен калькуляция бойынша);

64) Негізгі өндірістегі (мал шаруашылығы) еңбекақыдан аударымдар бойынша шығындарды 70380 теңгеге қорытындылау (ведомостар мен калькуляция бойынша);

65) Негізгі өндірістегі (мал шаруашылығы) үстеме шығыстар бойынша шығындарды 6000 теңгеге қорытындылау (аванс есептері бойынша);

66) Негізгі құралдарға (өсімдік шаруашылығы) амортизациялық өтелім бойынша шығындарды 92400 теңгеге қорытындылау (есептер бойынша);

67) Негізгі құралдарға (мал шаруашылығы) амортизациялық өтелім бойынша шығындарды 76600 теңгеге қорытындылау (есептер бойынша);

68) Персоналға ақысыз түрде (өзіндік құны бойынша) 200000 теңгеге өсімдік шаруашылығының өнімі босатылды (жүккүжаттар бойынша);

69) Ақысыз түрде босатылған өнімге 28000 теңгеге ҚҚС есептелді (жүккүжаттар бойынша);

70) Ақысыз түрде босатылған өнімнің 200000 теңге мөлшеріндегі құны шығыс етілді (жүккүжаттар мен материалдық есеп бойынша);

71) Жергілікті мектепке 50000 теңге мөлшерінде демеушілік жәрдем берілді (төлем тапсырысы бойынша);

72) Кассадан персоналдың еңбекақысына 450000 теңге қолма-қол ақша берілді (ведомость бойынша);

73) Іссапар шығыстарының құны (өсімдік шаруашылығы) 40000 теңге мөлшерінде үстеме шығыстарға апарылды (аванс есептері бойынша);

74) Іссапар шығыстарының құны (мал шаруашылығы) 6000 теңге мөлшерінде үстеме шығыстарға апарылды (аванс есептері бойынша);

75) Есепті түрде іссапар және басқа шығыстарға 80000 теңге қолма-қол ақша берілді (шығыс кассалық ордерлер бойынша);

76) Дайын өнімнің құны (өсімдік шаруашылығы) 3000000 теңге мөлшерінде өткізудің өзіндік құнына апарылды (материалдық есептер бойынша);

77) Дайын өнімнің құны (мал шаруашылығы) 1400000 теңге мөлшерінде өткізудің өзіндік құнына апарылды (материалдық есептер бойынша);

78) Жылдың соңында өзіндік құнның (өсімдік шаруашылығы) шотын 3000000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (өткізу актісі бойынша);

79) Жылдың соңында өзіндік құнның (мал шаруашылығы) шотын 1400000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (өткізу актісі бойынша);

80) Жылдың соңында кірістердің (өсімдік шаруашылығы) шотын 4400000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (өткізу актісі бойынша);

81) Жылдың соңында кірістердің (мал шаруашылығы) шотын 1550000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (өткізу актісі бойынша);

82) Корпорациялық табыс салығы бойынша 101720 теңге есептелді (есептер бойынша);

83) Жылдың соңында корпорациялық табыс салығы бойынша шығыстар шотын 101720 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (есептер бойынша);

84) Жылдың соңында негізгі емес қызмет бойынша кірістердің шотын 600000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (есептер бойынша);

85) Жылдың соңында өнімсіз шығыстардың шотын 481000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (есептер бойынша);

86) Жылдың соңында қайырымдылық мақсаттар бойынша шығыстардың шотын 50000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (есептер бойынша);

87) Жылдың соңында өткізілген жабдықтың құны негізгі емес қызметтің өзіндік құнына 200000 теңге мөлшерінде шығыс етілді (есептер бойынша);

88) Жылдың соңында өткізілген көлік құралының құны негізгі емес қызметтің өзіндік құнына 80000 теңге мөлшерінде шығыс етілді (есептер бойынша);

89) Есепті жылдың бөлінбеген 336480 теңге пайдасын №5430 «Алдыңғы жылдардың бөлінбеген табысы» шотына өткізу (есептер бойынша);

90) Акциздер құнының сомасы электр қуатының құнына 4600 теңге мөлшерінде апарылды (есептер бойынша);

91) Өткізілген малдың құны негізгі емес қызметтің өзіндік құнына 140000 теңге мөлшерінде апарылды (есептер бойынша);

92) Жылдың соңында негізгі емес қызметтің өзіндік құнын 820000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (есептер бойынша);

93) Айыппұлдар үшін 48000 теңге төленді (төлем тапсырысы бойынша);

94) Жылдың соңында айыппұлдар бойынша шығыстардың шотын 48000 теңге мөлшерінде №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабу (есептер бойынша);

95) Өткізілген үйдің құны негізгі емес қызметтің өзіндік құнына 400000 теңге мөлшерінде апарылды (есептер бойынша);

96) Ағымдағы банктік шоттан 300000 теңге мөлшерінде банктің несиесі төленді (төлем тапсырмасы бойынша);

97) Ағымдағы банктік шоттан жеке тұлғаларға салынатын табыс салығы 68000 теңге мөлшерінде төленді (төлем тапсырмасы бойынша);

98) Жер салығы 30000 теңге мөлшерінде есептелді (есептер бойынша);

99) Мүлік салығы 28300 теңге мөлшерінде есептелді (есептер бойынша);

100) Көлік құралдарына салық 18700 теңге мөлшерінде есептелді (есептер бойынша);

101) Қоршаған ортаны ластаған үшін 23400 теңге есептелді (экология басқармасының есептері мен декларация бойынша);

102) Жер салығы бойынша 40000 теңге төленді (төлем тапсырмасы бойынша);

103) Мүлік салығы бойынша 28300 теңге төленді (төлем тапсырмасы бойынша);

104) Қоршаған ортаны ластаған үшін төлемдер 10000 теңге мөлшерінде төленді (төлем тапсырмасы бойынша);

105) Жинақтаушы зейнетақы қорына 110000 теңге мөлшерінде жарналар аударылды (төлем тапсырмасы бойынша);

106) Әлеуметтік салық үшін 240000 теңге төленді (төлем тапсырмасы бойынша);

107) Қой қораның жайын соққан үшін еңбек ақы 20000 теңге мөлшерінде есептелді (жүктелімдер бойынша);

108) Жұмысшылардың еңбекақысы негізінен 3060 теңге мөлшерінде әлеуметтік салық есептелді (есептер бойынша);

109) Жұмысшылардың еңбекақысы негізінен әлеуметтік қамсыздандыруға 540 теңге мөлшерінде қаржылар есептелді (есептер бойынша);

110) Жеткізушілерге 2446400 теңге мөлшерінде ақшалар аударылды (төлем тапсырмасы бойынша);

111) ҚҚС бойынша 461500 теңге төленді (төлем тапсырмасы бойынша);

112) Жыл соңында әкімшілік шығыстардың шотын 312800 теңге мөлшерінде жабу (төлем тапсырмасы бойынша).

Қаржы-шаруашылық операцияларының журналын толтыру

Шаруашылық операциялардың нөмірлері	Сомасы	Шоттардың байланысы		Шаруашылық операциялардың нөмірлері	Сомасы	Шоттардың байланысы	
		Дт	Кт			Дт	Кт
1	2	3	4	5	6	7	8
№1	1 560000	1310	3310	№31	1400000	1320	8010м
№2	120000	1315	3310	№32	84000	2930	8010м
№3	160000	1317	3310	№33	100000	2930	1310
№4	15000	1312	3310	№34	20000	2930	1315
№5	4600	3140	3310	№35	120000	2930	3350
№6	380000	8011ө	3310	№36	18360	2930	3150
№7	850000	1312	3310	№37	3240	2930	3210
№8	431900	1420	3310	№38	300000	2520	2930
№9	1500000	8011ө	1310	№39	35000	7210өсіз	2520
№10	60000	8011м	1310	№40	18000	7210өсіз	2930
№11	160000	2930	1317	№41	184080	2412	2930
№12	431900	3130	1420	№42	61000	8045	2421
№13	850000	8011ө	1312	№43	108000	8045	2423
№14	100000	8011м	1315	№44	450000	1210	6210
10. Өткізілген өнім (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығындар (7-жол — 8-жол — 9-жол) (декларацияның 19-жолына өткізіледі)	10	563,4

Бұл соманы декларацияның № 19-жолына жазамыз.

№ 12 қосымша.

Сақтандыру төлемдері бойынша шығыстар. Бұл жағдайда 28-ші операцияда сақтандыру төлемдердің **440,0 мың теңге** сомада берілгені көрсетілген.

Салық төлеушінің аталуы — «Сенім» СК
СТТН 582000039423

100-ші үлгі
12 қосымша

Сақтандыру төлемдері бойынша шығыстар

(мың теңге)

№	Шегерулерге қабылданатын сақтандыру төлемдерінің атаулары	Сақтандыру келісімінің күні мен нөмірі	Төлеу құжатының күні мен нөмірі	Сақтандыру төлемінің сомасы
	А	Б	В	Г
1	Шартты түрде	Шартты түрде	Шартты түрде	440,0
2				
3				
4				
5				
Барлығы, Г бағанасының сомасын декларацияның 26-жолына көшіріңіз				440,0

Белгіленген соманы №12 қосымшаға енгіземіз, ал одан соң оны декларацияның **№29** «Салықтар, айыппұлдар мен орны толтырыла-

тын шығыстар» **жолына** көшіреміз. Ол мына: 3150 шоттың дебетіне 1010 шоттың кредитінен **48,0 мың теңге** сомада төленген проводканы пайдаланамыз.

Барлық шегерулер: $563,4 + 440,0 + 48,0 = 1051,4$ мың теңгеге тең болады.

VIII. Салық салынатын табыс жылдық жиынтық кіріс пен шегерулердің жалпы сомасы арасындағы айырмаға тең болады:

$$1280,0 - 1051,4 = 228,6 \text{ мың теңге.}$$

Бұл декларацияның 32-жолына сәйкес болуы тиіс.

IX. Корпоративтік табыс салығының мөлшерлемесін анықтаймыз. Ережелерге сәйкес, бұл сала үшін оның мөлшері — **30%-ға тең болады.**

X. Есептелген корпоративтік салық салығының сомасын анықтаймыз. Оның сомасы $(228,2 \times 30\%) = 68,6$ мың теңгеге тең болады.

№ 100 үлгінің кестесін толтырамыз.

№ 100-ші үлгі

2006 жылдағы жылдық жиынтық табыс пен жасалған шегерулер туралы
ДЕКЛАРАЦИЯ

Салық төлеушінің аталуы — «Сенім» СК СТТН 582000039423
Мекен-жайы: **Түркістан қ.** Банк аталуы: «**Наурыз**» банк
Байбурт көшесі №25 үй Есеп айырысу шоты: **№ 000401856**

№	Көрсеткіштер	Код	Төлеушінің мәліметтері бойынша
1	2	3	4
	ЖИЫНТЫҚ ЖЫЛДЫҚ ТАБЫС		
1	Өнім (жұмыстар, қызметтер) өткізуден түскен табыс	1	1200,0
2	Үйлер мен ғимараттар, сондай-ақ амортизацияға жатпайтын активтердің құнының өсімінен түскен табыс	2	
3	Сыйақы түрінде түскен табыс	3	80,0
3-1	Күдікті міндеттемелер бойынша табыстар	3-1	
4	Дивидендтер	4	

1	2	3	4
5	Ұтыстар	5	
6	Ақысыз алынған мүлік пен ақшалар	6	
7	Мүлкті жалға беруден түскен табыстар	7	
8	Роялти	8	
9	Мемлекеттік бюджеттен алынған субсидиялардан басқа заңды тұлғалар тарапынан алынған субсидиялар	9	
10	Кәсіпкерлік қызметті шектеу немесе кәсіпорынды жабу келісімі үшін алынған табыстар	10	
11	Банктер тарапынан жасалған провизиялардың төмендеуінен түскен табыстар	11	
11-1	Сақтандыру резервтерінің төмендеуінен түскен табыстар	11-1	
12	Міндеттемелердің жойылуынан түскен табыстар	12	
13	20-4 баптың 3 тарауы, 20-6 баптың 1 тарауы және 47 бапқа сәйкес келген табыс	13	
14	44 бапқа сәйкес орны толтырылатын шегерулер	14	
14-1	138 баптың 1 тарауына сәйкес бағаларды түзетуден болған табыстар	14-1	
14-2	Айыппұлдар, өсімдер, айыптар мен санкциялардың басқа түрлері бойынша табыстар	14-2	
14-3	Кәсіпкерлік қызметте қолданылмайтын объектілерді пайдалану кезінде болған шығыстардан табыстардың артығы	14-3	
15	Басқа табыстар	15	
16	Жылдық жиынтық табыс (1-ден 15-жолдардың сомасы)	16	1280,0
17	Жылдық жиынтық табысты түзету	17	
	1) дивидендтер	17-1	
	2) заңды тұлғамен алынған және оның кәсіпкерлік қызметімен байланысты жағымды бағамдық айырма	17-2	
	3) ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын өткізу кезінде құнының өсімінен болған табыстар	17-3	
	4) зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңға сәйкес алынған жеке жинақтаушы зейнетақы шоттарына жіберілген инвестициялық табыстар	17-4	
	5) эмитент тарапынан бағалы қағаздарды олардың нарығында алғашқы орналастыру кезінде алынған меншікті акциялар құнының олардың номиналды құнынан артығы	17-5	

1	2	3	4
	б) мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік кәсіпорындардан ақысыз негізде, сондай-ақ ҚР-ның заңдарына сәйкес алынған негізгі құралдардың құны	17-6	
18	Түзетуден соң жылдық жиынтық табыс (16-жол — 17-жол)	18	1280,0
	ШЕГЕРУЛЕР		
19	Өткізілген өнім (жұмыстар, қызметтер) бойынша шығындар	19	563,4
20	Алынған несиелер үшін сыйақылар	20	
21	Күдікті талаптар	21	
22	Резервтік қорларға аударымдар	22	
23	Ғылыми-зерттеу, жоба және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға шығыстар	23	
24	Белгіленген активтер бойынша амортизациялық есептеулер мен басқа шегерулер	24	
	а) негізгі құралдардың амортизациялық қаржылары	24а	
	б) оның ішінде қосымша бағалаудың сомасынан	24б	
	в) 20-4 баптың 3 тарауына сәйкес есептелген амортизациялық есептеулер	24в	
	г) топ бөлігінің барлық белгіленген активтердің шығыс етілу кезіндегі топ бөлігінің баланс құнының мөлшері	24г	
	д) 20-6 баптың 3 тарауына сәйкес белгіленген активтердің қалдық құны	24д	
	е) материалдық емес активтердің амортизациялық есептеулері	24е	
25	Жөндеуге жұмсалатын шығыстар	25	
26	Сақтандыру сыйақылары бойынша шығыстар	26	440,0
27	Әлеуметтік төлемдердің шығыстары	27	
28	Геологиялық зерттеу мен табиғи ресурстарды қазып алу үшін дайындық жұмыстарына шығыстар	28	
29	Салықтар, айыппұлдар мен орны толтырылатын шығыстар	29	48,0
	а) 25 баптың 1 тарауына сәйкес төленген салықтар	29а	48,0
	б) бюджетке енетіннен тыс, айыппұлдар мен өсімдерін қоса төленген айыптар	29б	
	в) мемлекеттік әлеуметтік саланы ұстау үшін шығыстар	29в	

1	2	3	4
	г) 26 баптың 4 тарауына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың шығыстары	29г	
30	26 баптың 11 тарауына сәйкес құрылыстарды өткізуден болған залалдар	30	
31	Шегерулердің барлығы (19-жолдан 30-жолды қоса сомасы)	31	1051,4
32	Салық салынатын табыс (18-жол — 31-жол)	32	228,6
32-1	20-8 баптың 4 тарауына сәйкес алып өтуге жатпайтын залал	32-1	-
32-2	Алып өтуге жататын залал	32-2	-
33	27 бапқа сәйкес алып өткізілген кәсіпкерлік қызметтен болған залалдар	33	-
34	34 бапқа сәйкес салық салудан босатылатын табыстар	34	-
	1) тағайындау бойынша төтенше жағдайлар кезінде пайдаланылған гуманитарлық жәрдем		
	2) мүгедектердің еңбекақысы, сондай-ақ мүгедектерге әлеуметтік салықтың сомасының 50%-ын төлеу бойынша шығыстардың екі есе сомасы		
	3) мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақылар		
	4) коммерциялық емес ұйымдарға қайырымдылық жарналар		
	5) қайырымдылық қорларға банктердің ақысыз аударымдары		
	6) ерікті зейнетақы жарналардың сомасы		
	7) негізгі құралдардың қаржы лизингі бойынша алынған сыйақылар		
	8) 34 баптың 8 тарауына сәйкес салық салынатын табыстың босатылатын өсімі		
	9)		
35	Алып өткізілген залалдар мен берілген жеңілдіктердің есебінен салық салынатын табыс (32-жол — 34-жол)	35	228,6
36	Есептелген салықтың сомасы	36	68,6
36а	Таза табысқа салынатын салықтың сомасы	36а	
36б	20-8 баптың 3 тарауына сәйкес негізгі құралдардың қосымша бағалануынан болған салықтың сомасы	36б	
36в	Барлық есептелген салық (36-жол — 36а жол + 36б жол)	36в	68,6

1	2	3	4
37	Барлық жасалған аванстық төлемдер мен есепке жатқызулар	37	
38	Артық төлемнің сомасы	38	
39	Төленуге тиіс барлық салық	39	68,6
40	Айып санкциялары	40	
41	Барлық салық пен айып санкциялары	41	
42	Алдағы төлемдер есебінің артық төлеу сомасы	42	
43	Қайтарылудағы тиіс артық төлемнің сомасы	43	

XI. Салыстыру үшін қаржылық есеп бойынша таза пайданың (залалдың) мөлшерін анықтаймыз. Ол үшін №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шоты бойынша нәтижелерін талдаймыз.

а) оның кірістер жағы № 5410 шоттың кредиті бойынша 1200,0 мың теңгені құрады (негізгі қызмет бойынша);

б) шығыстар жағын анықтау үшін мына шоттардың кредиті бойынша төмендегі соманы қабылдаймыз: № 7010 — 905,2 мың теңге.

Жиынтығы — 905,2 мың теңге.

Кірістер мен шығыстар жақтары арасындағы айырма өндірілген өзіндік күн бойынша жиынтық кіріске тең болады.

1200,0 мың теңге — 905,2 мың теңге = 294,8 мың теңге

Кезең шығыстары, барлығы — 181,0 мың теңге

оның ішінде әкімшілік шығыстар — 177,0 мың теңге

өткізу бойынша шығыстар — 4,0 мың теңге

Негізгі қызмет бойынша кірістер сомасын анықтаймыз.

294,8 мың теңге — 181,0 мың теңге = 113,8 мың теңге

Одан соң негізгі емес қызмет бойынша нәтижені есептейміз:

а) кірістің мөлшерін анықтаймыз (№6120 шоттың дебеті бойынша ол 80,0 мың теңге сомаға тең) — 80,0 мың теңге

Негізгі емес қызмет бойынша шығыстыр — жоқ

Салық салынуға дейінгі субъектінің дағдылы қызметінен болған жиынтық табыстың (залалдың) сомасын есептейміз:

113,8 + 80,0 = 193,8 мың теңге

— 193,8 мың теңге

Салықтың 30% мөлшерлемесі кезінде бұл сомадан тиесілі табыс салығының мөлшерін анықтаймыз.

193,8 мың теңге x 30% = 58,14 мың теңге ≈ **58,1 мың теңге.**

Енді қаржылық есеп бойынша таза жиынтық пайданың сомасын анықтауымыз қажет. Ол жиынтық пайда мен корпорациялық табыс салығы арасындағы айырмаға тең болады.

193,8 мың теңге — 58,1 мың теңге = **135,7 мың теңге.**

Декларацияның № 15-2 қосымшасының кестесін толтырамыз.

Салық төлеушінің аталуы — «Сенім» СК
СТТН 582000039423

№ 15-2 қосымша

**2006 жылдың ҚАРЖЫ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ
НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП**

(мың теңге)

Көрсеткіштердің аталуы		Сомасы	
		Табыстар	Шығыстар
Өнім (жұмыстар, қызметтер) өткізуден түскен табыс	01	1200,0	-
Өткізілген өнімнің (жұмыстар, қызметтер) өзіндік құны	02	-	905,2
Жалпы табыс (01-02)	03	294,8	-
Кезең шығыстарының барлығы	04	-	181,0
оның ішінде:		-	-
Жалпы және әкімшілік шығыстар	05	-	177,0
Өткізу бойынша шығыстар	06	-	4,0
Сыйақы түріндегі шығыстар	07	-	-
Негізгі қызметтен түскен пайда (залал) (03-04)	08	113,8	-
Негізгі емес қызметтен түскен пайда (залал)	09	80,0	-
Салық салынуға дейінгі дағдылы негізгі қызметтен түскен пайда (залал)	10	193,8	-
Табыс салығы бойынша шығыстар	11	-	58,1
Салық салынғаннан кейінгі дағдылы негізгі қызметтен түскен пайда (залал) (10-жол — 11-жол)	12	135,7	-
Төтенше жағдайлардан болған залал	13	-	-
Таза пайда (залал) (12-жол + (-) 13-жол)	14	135,7	-

ХІІ. Қаржылық есеп бойынша пайданы (залалды) декларация бойынша табыспен (залалмен) салыстырамыз. Ол үшін жылдық декларацияның №15а қосымшасының кестесін пайдаланамыз.

1) Қаржылық есеп бойынша таза пайданы (залалды) біз анықтап қойғанбыз және ол тең болады — 135,7 мың теңгеге.

2) Корпорациялық табыс салығының (салық есебі бойынша) мөлшерін де біз анықтап қойғанбыз және ол тең болады

— 68,6 мың теңгеге.

3) Бухгалтерлік есепте бейнеленген, бірақ бұл декларацияға енгізілмейтін табыстарды есептейміз:

а) корпорациялық табыс салығының, яғни 30%-ға кемітілген екі жағдайдағы пайдалардың сомалары арасындағы айырма (есептің тәсілі):

$(228,6 - 193,8) \times 0,7$ (яғни, 70%) = 24,36 мың теңге

айырмасы — 24,3 мың теңге.

5) 1-ден 4-жолды қоса сомасы — 228,6 мың теңге.

9) Салық салынатын табыс (5-жол — 8-жол) — **228,6 мың теңге.**

(бұл нәтиже декларацияның 32-ші жолының мөлшеріне тең болуы тиіс)

№ 15а қосымшасының кестесін толтырамыз.

№ 15а қосымшасы

Салық төлеушінің аталуы — «Сенім» СК
СТТН 582000039423

Қаржылық есеп бойынша табысты (залалды) декларация бойынша табыспен салыстыру

(мың теңге)

1	Қаржылық есеп бойынша таза пайда (залал)	135,7
2	Корпорациялық табыс салығы	68,6
3	Салық салынуға жататын, бірақ бухгалтерлік есепте биылғы жылы бейнеленбеген табыс а Табыстар сомаларының арасындағы айырма	24,3
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	3а, 3б, 3в, 3г, 3д, 3е жолдары бойынша жиынтық	24,3
4	Бухгалтерлік есепте көрсетіліп, бірақ бұл декларацияға енгізілмеген шығыстар	
	а	
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	4а, 4б, 4в, 4г, 4е жолдары бойынша жиынтық	

5	1-ден 4-жолды қоса жиынтықтың сомасы	228,6
6	Бухгалтерлік есепте есепке алынған, бірақ декларацияға енгізілмеген табыс	
	а	
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	ж	
	6а, 6б, 6в, 6г, 6д, 6е, 6ж жолдары бойынша жиынтық	
7	Бухгалтерлік есеп бойынша шығыстарға апарылмаған бұл декларацияның шегерулері	
	а	
	б	
	в	
	г	
	д	
	е	
	ж	
	7а, 7б, 7в, 7г, 7д, 7е, 7ж жолдары бойынша жиынтық	-
8	6 мен 7-жолдардың сомасы	-
9	Салық салынатын кіріс (5-жол — 8-жол). (Нәтижесі декларацияның 32-жолындағы мөлшерге тең болуы тиіс)	228,6

ХІІІ. Кәсіпорынның бөлінбеген пайдасының сомасын есептейміз. Ол үшін біз жылдық декларацияның №15б қосымшасының кестесін пайдаланамыз.

- 1) Жыл басындағы сальдо (жылдың басындағы №15 қосымшаның 26-шы жолынан өткізіледі). Біздің жағдайда ол — жоқ.
- 2) Қаржылық есеп бойынша таза пайда — 135,7 мың теңге.
- 4) 1, 2, 3 жолдардың сомаларының жиынтығы — 135,7 мың теңге.
- 6) Бөлінбеген пайданың басқа кемулері:
 - а) айыппұлдар төлеу — 6,0 мың теңге.
 - б) резервтік капитал қалыптастыру — 800,0 мың теңге.
- 7) Жиынтығы (5, 6 жолдардың сомасы) — 806,0 мың теңге.
- 8) Жылдың соңындағы сальдо (4-жол — 7-жол) — **(-670,3 мың теңге).**

(Анықталған сома жылдың соңындағы декларацияның № 15 қосымшаның 26-жолындағы сомамен тең болуы тиіс).

Бұл 670,3 мың теңге мөлшерде жабылмаған залал шеккенін (жақшалардың ішіне аламыз) білдіреді.

№ 15 б қосымшасының кестесін толтырамыз.

Салық төлеушінің аталуы — «Сенім» СК
СТТН 582000039423

100-ші үлгі 15б қосымшасы

**Бөлінбеген пайданың (жабылмаған залалдың)
сомалары мен оның қозғалысы туралы
ЕСЕП**

(мың теңге)

1	Жылдың басындағы сальдо (жылдың басына 15 қосымшаның 26-жолынан алып өтіледі)	-
2	Қаржылық есеп бойынша таза пайда (залал)	135,7
3	Бөлінбеген пайданың басқа көбеюлері	
	а	
	б	
	в	
4	1-ден 3-жолды қоса сомалардың жиынтығы	135,7
5	Төлеуге бағытталған дивидендтер	-
6	Бөлінбеген пайданың басқа кемулері	
	а <i>Айыппұлдар төлеу</i>	6,0
	б <i>Резервтік капитал қалыптастыру</i>	800,0
	в	
7	5 пен 6-жолдардың жиынтығы	806,0
8	Жылдың соңындағы сальдо. (4-жол — 7-жол). (Кірістердің анықталған сомасы жылдың соңына 15 қосымшаның 26-жолының сомасымен сәйкес келуі тиіс)	(-670,3)

ХІV. Бөлімнің соңында 2006 жылдың бухгалтерлік балансын (жылдық декларацияның №15 қосымшасына сәйкес) құрастырамыз. Ол үшін айналым ведомосының жәрдеміне сүйенеміз.

Активтер	Жылдың басына	Жылдың соңына
Ақша қаражаттары (№1010, 1040, 1150 шоттар бойынша)		958,3
Дебиторлық қарыздар (№1250 шоттың дебеті бойынша)		6,2
Жиынтығы	-	964,5
Барлығы	-	964,5
Пассивтер		
Жарияланған капитал (№5010 шоттың кредиті бойынша)	-	800,0

Резервтік капитал (№5310 шоттың кредиті бойынша)		800,0
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал) (№5430 шоттың дебеті бойынша)	-	(-670,3)
Жиынтығы	-	929,7
Салықтар бойынша қарыздар (№3150 шоттың кредиті бойынша)	-	22,4
Кредиторлық қарыздар (№3210 шотының кредиті бойынша)	-	12,4
Жиынтығы	-	34,8
Барлығы	-	964,5

Бұл мәліметтер бойынша жылдық декларацияның № 15 қосымшасындағы бухгалтерлік баланстың кестесін толтырамыз.

Салық төлеушінің аталуы — «Сенім» СК
СТТН 582000039423

100-ші үлгі
15 қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
2005 жылғы 22 желтоқсандағы №427
бұйрығымен бекітілген

2006 жылдың бухгалтерлік балансы

(мың теңге)

АКТИВТЕР	Жол коды	Есептік кезеңнің соңында	Есептік кезеңнің басында
1. Қысқа мерзімді активтер			
Ақша қаражаты және оның эквиваленттері	010	158,3	-
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	011	800,0	-
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	012	6,2	-
Қорлар	013	-	-
Ағымдағы салықтық активтер	014	-	-
Сауға арналған ұзақ мерзімді активтер	015	-	-
Өзге де қысқа мерзімді активтер	016	-	-
Қысқа мерзімді активтердің жиыны	100	964,5	-
2. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар	020	-	-
Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	021	-	-
Үлес қосу әдісімен есептелінетін инвестициялар	022	-	-
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	023	-	-

Негізгі құралдар	024	-	-
Биологиялық активтер	025	-	-
Барлау және бағалау активтері	026	-	-
Материалдық емес активтер	027	-	-
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	028	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	029	-	-
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны	200	-	-
Баланс (100-жол + 200-жол)		964,5	-

ПАССИВТЕР	Жол коды	Есептік кезеңнің соңында	Есептік кезеңнің басында
3. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	030	-	-
Салықтар бойынша міндеттемелер	031	22,4	-
Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	032	12,4	-
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	033	-	-
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	034	-	-
Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер	035	-	-
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны	300	34,8	-
4. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	040	-	-
Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек	041	-	-
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	042	-	-
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	043	-	-
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	044	-	-
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны	400	-	-
5. Капитал			
Шығарылған капитал	050	800,0	-
Эмиссиялық кіріс	051	-	-
Сатып алынған жеке меншік үлестік аспаптар	052	-	-
Резервтер	053	800,0	-
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	054	(670,3)	-
Аздық үлесі	055	-	-
Капитал жиыны	500	929,7	-
Баланс (300-жол + 400-жол + 500-жол)		964,5	-

Сақтандыру ісі мен инвестициялық қызмет туралы айта отырып қайырымдылық қорлардың (орталықтардың) қызметі туралы атап өтпеу мүмкін емес.

Бұл қызметтің саласындағы іс-әрекеттің екі мысалын келтіреміз.

1 үлгі

- 1) Қалалық әкімшіліктен ақысыз түрде қайырымдылық қорына 100000 теңге мөлшерінде құрылыс материалдары берілді (қабылдау-өткізу актісі мен жүкқұжаттар бойынша);
- 2) Қордың есеп айырысу шотына заңды және жеке тұлғалардан 250000 теңге мөлшерінде ақша келіп түсті;
- 3) Пайда алу мақсатында бұл құрылыс материалдары 120000 теңге бағада өткізілді (шот-фактура бойынша);
- 4) Өткізілген тауарға 16800 теңге сомада ҚҚС есептелді (шот-фактура бойынша);
- 5) Алушыдан есеп айырысу шотына 136800 теңге мөлшерінде ақшалар келіп түсті (төлем тапсырмасы бойынша);
- 6) Құрылыс материалдары алынған баға — 100000 теңге бойынша өзіндік құнға шығыс етілді (шығыс ету актісі бойынша);
- 7) Корпорациялық табыс салығы бойынша 6000 теңге есептелді (есептер бойынша).

2 үлгі

- 1) Заңды тұлғадан қайырымдылық қорға ақысыз түрде 100000 теңге мөлшерінде құрылыс материалдары берілді (қабылдау-өткізу актісі мен жүкқұжаттар бойынша);
- 2) Алынған тауарға 14000 теңге ҚҚС есептелді (шот-фактура бойынша);
- 3) Жеткізушінің 114000 теңге мөлшерінде басыбайлы беруі (сыйға беру) есепті жылдың бөлінбеген табысы есебіне енгізілді (акті бойынша);
- 4) Өтелуге тиіс 14000 теңге мөлшердегі ҚҚС-ның сомасы алынған материалдардың құнына апарылды (шот-фактура бойынша);
- 5) Пайда алу мақсатында бұл құрылыс материалдары 120000 теңге бағада өткізілді (шот-фактура бойынша);
- 6) Өткізілген тауарға 16800 теңге мөлшерінде ҚҚС есептелді (шот-фактура бойынша);
- 7) Құрылыс материалдары алынған баға — 114000 теңге бойынша өзіндік құнға шығыс етілді (шығыс ету актісі бойынша);
- 8) Алушыдан есеп айырысу шотына 136800 теңге мөлшерінде ақшалар келіп түсті (төлем тапсырмасы бойынша);
- 9) Корпорациялық табыс салығы бойынша 1200 теңге есептелді (есептер бойынша).

Екі үлгіде қайырымдылық қоры қандай салықтарды және қандай сомада төлеуге міндетті екенін анықтаймыз. Ол үшін шаруашылық операциялардың журналын толтырамыз.

Шар-ық опер-лар нөмірі	Сомасы	Шоттардың корреспон-денциясы		Шар-ық опер-лар нөмірі	Сомасы	Шоттардың корреспон-денциясы	
		Дт	Кт			Дт	Кт
1 үлгі				2 үлгі			
№1	100000	1317	5430	№1	100000	1317	3310
№2	250000	1040	5430	№2	14000	331	3310
№3	120000	1210	6010	№3	114000	3310	5430
№4	16800	1210	3130	№4	14000	1317	1420
№5	136800	1040	1210	№5	120000	1210	6010
№6	100000	7010	1317	№6	16800	1210	3130
№7	6000	7710	3110	№7	114000	7010	1317
				№8	136800	1040	1210
				№9	1200	7710	3110

Шаруашылық операциялардың нәтижелерін салыстырып есептелген салықтардың мөлшерін анықтаймыз. Бұл жерде қайырымдылық қорына коммерциялық қызмет рұқсат етілгенін, сондықтан тауарларды өткізу кезінде ҚҚС есептеліп және дағдылы түрде төленетінін ескертуіміз қажет.

Бірақ, ҚҚС-ның өтелуі жасалмайды, өйткені бұл салықтың мөлшері есепті жылдың бөлінбеген табысының сомасына енгізіледі.

Сонымен, 1 мен 2-ші үлгіде ҚҚС-ы **16800 теңге** сомадағы тең мөлшерінде төленді, өйткені тауарлардың өткізілуі 120000 теңге мөлшеріндегі бірдей сомада жасалған.

Жиынтық кірістің сомасын анықтаймыз:

1-ші үлгіде: ол 6010 шоттың кредиті мен 7010 шоттың дебеті бойынша сомалардың арасындағы айырмаға, яғни (120000 — 100000) = **20000 теңгеге** тең болады.

2-ші үлгіде: ол да 6010 шоттың кредиті мен 7010 шоттың дебеті бойынша сомалардың арасындағы айырмаға, яғни (120000 — 116000) = **4000 теңгеге** тең болады.

Корпорациялық табыс салығының мөлшерін анықтаймыз:

1-вариантта ол (30%-дық мөлшерде) $20000 \times 30\% = \mathbf{6000}$ **теңгені** құрайды.

2-вариантта ол енді $4000 \times 30\% = \mathbf{1200}$ **теңгеге** тең болады.

Біз қайырымдылық қорға ақысыз түрде түскен ақшалар, тауарлар және т.б. салық салынбайтынын атап өтуіміз қажет.

Сонымен, қорытынды жасаймыз:

1-ші үлгіде қайырымдылық қоры салықтардың төмендегі түрлерін төлеуге міндетті:

- 1) ҚҚС — 16800 теңге;
- 2) Корпорациялық табыс салығы — 6000 теңге.

2-ші үлгіде:

- 1) ҚҚС — 16800 теңге;
- 2) Корпорациялық табыс салығы — 1200 теңге.

Біз нақты мысалдар арқылы іс-әрекеттерде сақтандыру ісі мен инвестициялық қызмет кәсіпорындарындағы қаржы-шаруашылық операциялардың толық циклын көрсеттік.

Енді студенттерге осы саладағы бухгалтерлік және салық есептері бойынша өздерінің білімдерін тексеру мен дағдылығын баянды етуге мүмкіндік берейік.

№ 1 есеп

Кәсіпорынға 1421386 теңге сақтандыру жарналары келіп түсті. Бағалы қағаздарды (акцияларды) сатып алу үшін 830560 теңге көлемінде ақша қаражаттары салынды; сатып алу құны бойынша 830560 теңгеге акциялар сатып алынды; заңмен бекітілген сомалардан артық құрылтай құжаттарымен бекітілген 830560 теңге мөлшерінде резервтік капиталға қаржылар бөлінді; брокерлердің еңбекақысы бойынша 286460 теңге есептелді; брокерлердің еңбекақысынан 13746 теңге мөлшерінде табыс салығы есептелді; брокерлердің еңбекақысы негізінде әлеуметтік салық 54141 теңге мөлшерінде есептелді; жинақтаушы зейнетақы қорына 28646 теңге мөлшерінде төлемдер есептелді; әлеуметтік қамсыздандыруға 4297 теңге көлемінде қаржылар есептелді; брокерлерге 244068 теңге сомада еңбекақы берілді; өтелуге тиіс сақтандыру қаржылары 283490 теңге мөлшерде анықталды; кассадан 283490 теңге сомада есептелген өтелуге тиіс сақтандыру қаржылары төленді.

Осы мәліметтер бойынша есепті кезеңде жасалған шаруашылық операциялардың журналын толтырыңыз.

№ 2 есеп

Кәсіпорын жыл ішінде 1289365 теңге жылдық жиынтық табыс алды.

Қаржылық есеп бойынша шығындардың сомасы 1232446 теңгеге тең. Салық есебі бойынша шегерулердің сомасы 1163506 теңгені құрайды.

Кәсіпорын салық инспекциясына 18376 теңге мөлшерінде айыппұлдар мен өсім төледі. Арнайы мектеп-интернатқа 30000 теңге көлемінде демеушілік жәрдем берді.

Қаржылық және салық есептері бойынша жиынтық табыстардың мөлшерлерін есептеп, оларды салыстырыңыз, ал одан соң бөлінбеген пайданың (жабылмаған залалдың) мөлшерін анықтаңыз.

№ 3 есеп

Заңды және жеке тұлғалардан қордың есеп айырысу шотына 368650 теңге ақша түсті.

ҚР Қорғаныс министрлігі жүйесі бойынша қалалық әскери комиссариатынан қайырымдылық қорына ақысыз түрде 185480 теңге сомада материалдар берілді. Табыс алу мақсатында ол материалдар 205670 теңгеге өткізілді. Өткізілетін тауарларға 32907 теңге сомада ҚҚС есептелді. Есеп айырысу шотына 238577 теңге мөлшерінде ақша қаражаттары келіп түсті. Материалдар сатып алынған баға бойынша 185480 теңге мөлшерінде өзіндік құнға шығыс етілді. Корпоративтік табыс салығы бойынша 6057 теңге есептелді.

Көрсетілген операциялар бойынша есептелген салықтардың мөлшерін анықтаңыз.

№ 4 есеп

Сақтандыру жарналары 1560165 теңге мөлшерінде келіп түсті.

Қаржылық есеп бойынша шығындардың сомасы 1438546 теңгеге тең болды. Салық есебі бойынша шегерулердің сомасы 1386789 теңгені құрайды.

Кәсіпорын бір жыл ішінде МСИ-на 19268 теңге мөлшерінде айыппұлдар мен өсім төледі. Заңмен бекітілген сомалардан артық құрылтай құжаттарымен бекітілген 900000 теңге мөлшерінде резервтік капиталға қаржылар есептелді.

Қаржылық және салық есептері бойынша жиынтық табыстардың мөлшерін есептеп шығыңыз, ал одан соң оларды салыстырып және бөлінбеген пайданың(жабылмаған залалдың) мөлшерін анықтаңыз.

Сонымен, біз экономиканың әртүрлі салаларындағы, атап айтқанда: өнеркәсіп пен құрылыс, сауда-делдалдық және коммерциялық қатынастар, ауыл шаруашылығы, сақтандыру ісі мен инвестициялық қызмет кәсіпорындарындағы бухгалтерлік есепті нақты мысалдарда қарадық.

Енді біз мемлекеттік (бюджеттік және қазыналық) мекемелердегі бухгалтерлік есепті қарауымыз қажет. Себебі, бюджеттік қаржыландырудың жоғарыда атап өтілген салалардан көптеген ерекшеліктері бар.

V. БӨЛІМ
МЕМЛЕКЕТТІК (БЮДЖЕТТІК ЖӘНЕ ҚАЗЫНАЛЫҚ)
ҰЙЫМДАРДАҒЫ БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП

Мемлекеттік ұйымдарды (мекемелерді) қаржыландыру жергілікті органдармен бекітілген сметалар бойынша қатаң түрде жүргізіледі. Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп қаржыландыру көздерінен тәуелсіз жалпыға дағдыланған үлгіде бекітілген жоспар бойынша бірыңғай баланста жүргізіледі. Қазыналық мекемелерге таза бюджеттік мекемелерден ерекше ақылы негізде қызметтер атқаруға рұқсат етіледі.

Сондықтан, біз бюджеттік мекемедегі бухгалтерлік есепті қараймыз. Бұны қалалық жұқпалы аурулар мен туберкулезге қарсы ауруханалар мысалында қарастырайық.

Жұқпалы ауруларға қарсы аурухана халық арасында жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралуына қарсы күрес және қала азаматтарының денсаулығын қорғау объектісі болып табылады.

Емдеу ісінің ерекшелігіне байланысты мекемеге ақылы түрде медициналық қызметтер көрсетуге тиым салынады.

Мекеменің есебін қалалық қаржы бөлімі бекітіп және бақылап, сметалардың орындалу тәртібін қадағалайды және онда бухгалтерлік есеп журнал-ордерлі түрі бойынша жүргізіледі.

2006 жылға төмендегі баптар бойынша бекітіліп және толық орындалған шығыстардың сметасы

№	Шығыстар ерекшеліктерінің атауы	Сомасы (мың теңге)
1	Жұмысшылар мен қызметкерлердің негізгі еңбекақысы	6000,0
2	Белгіленген жеңілдіктер бойынша орны толтырылатын төлемдер (жәрдемақылар)	300,0
3	Әлеуметтік салық	1134,0
4	Ауруларды тамақтандыру үшін тағамдық азықтар сатып алу	1020,0
5	Дәрі-дәрмектер сатып алу	2100,0
6	Іс-сапар шығыстары	50,0
7	Тауарлар, қызметтер сатып алу үшін басқа шығыстар	700,0
8	Коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу	20,0
9	Байланыс қызметтерінің ақысын төлеу	50,0
10	Электр қуатының ақысын төлеу	180,0

11	Жылу беру бойынша шығыстар	640,0
12	Үйлер мен жабдықтарды ұстау мен ағымдағы жөндеу үшін шығыстар	240,0
13	Басқа қызметтер бойынша шығыстар	220,0
14	Жабдықтар мен құрал-саймандар сатып алу	200,0
	ЖИЫНТЫҒЫ:	12854,0

Сонымен, жыл ішінде аурулады тамақтандыру мен емдеу үшін тағамдық азықтарға 960,0 мың теңге және дәрі-дәрмектерге 2020,0 мың теңге мөлшерінде ақша қаражаттары жұмсалды, ал басқа баптар бойынша қаржыландыру түрлері толық игерілді.

I. Есеп жүргізуді оңайлату үшін кіріспе балансты нөлге тең деп қабылдаймыз.

Емдеу мекемесінің жұмысы табыс алу мақсатындағы кәсіпкерлік қызметке жатпайтындықтан және қалалық бюджеттен қаржыландырылуына байланысты бізде қызметтің **VI—XIII** баптардың бөлігі болмайды.

Одан басқа, бюджеттік ұйымдар бухгалтерлік есеп шоттарының бюджеттік жоспарынан сол шоттардың бас жоспарына (ҚР Қаржы министрлігінің бухгалтерлік есеп және аудиттің әдістемелігі департаментінің 1999 жылдың 11 нарызындағы № 23 — 3-1/42/689 хаты негізінде) көшуге тиісті еді.

Бұл хатқа сәйкес, бухгалтерлік есеп шоттарының бюджеттік жоспарынан бас жоспарына көшу кестесі келтіріледі. Ол үшін бізге қажетті бірнеше шоттарды белгілеп, салыстырамыз (№ 5 қосымшаны қараңыз).

Мысалы, бюджеттік мекемелерде ағымдағы банк шоты қолданылады және ол бюджеттік жоспар бойынша № 100 «Ағымдағы шот» активті шоты болып белгіленеді. Біз оны № 1040 «Ағымдағы банктік шоттағы ақша қаражаттары» шотымен белгілейміз.

Одан соң, бюджеттен қаржыландыру бюджеттік жоспар бойынша № 230 «Бюджеттен ұйымның шығыстары мен басқа іс-шараларды қаржыландыру», ол типтік жоспар бойынша № 5010 «Жарияланған капитал» пассивті шотымен белгіленген.

Бюджет бойынша шығыстар бюджеттік жоспар бойынша № 200 «Бюджет бойынша ұйымды ұстау мен басқа іс-шаралар жөнінде шығыстар» активті шотымен белгіленетін еді, ал типтік жоспар бойынша олар сол № 5010 «Жарияланған капитал» шотының активті жағына белгіленеді.

№ 5010 «Жарияланған капитал» шоты бюджеттік ұйымдарда типтік жоспар бойынша бізге № 5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотын еске салатынын және нәтижелі екеніне назар аударыңыз.

II. Шаруашылық операциялардың журналын толтыруға кірісеміз (смета бойынша).

1) Жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбекақысы 6000000 теңге сомада есептелді (смета бойынша);

2) Белгіленген жеңілдіктер бойынша (жәрдемақылар) орны толтырылатын төлемдер 162000 теңге мөлшерінде есептелді (смета бойынша);

3) Жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбекақысы негізінде 918000 теңге сомада әлеуметтік салық есептелді (смета бойынша);

4) Жеткізушілерден ауруларды тамақтандыру үшін 1020000 теңге мөлшерінде тағамдық азықтар сатып алу (смета бойынша);

5) Жеткізушілерден ауруларды емдеу үшін 2100000 теңге мөлшерінде дәрі-дәрмектер сатып алу (смета бойынша);

6) Іс-сапар шығыстары бойынша 50000 теңге есептелді (смета бойынша);

7) Жеткізушілерден басқа тауарлар, материалдарды 700000 теңге сомада сатып алу (смета бойынша);

8) Мердігерлер атқаратын коммуналды қызметтердің ақысын 20000 теңге мөлшерінде есептеу (смета бойынша);

9) Жеткізушілерге байланыс, электр қуаты, жылу жөнінде қызметтердің ақысын 870000 теңге мөлшерінде есептеу (смета бойынша);

10) Мердігерлердің үйлерді ұстау мен ағымдағы жөндеу үшін шығыстар жөнінде ақысын 460000 теңге мөлшерінде есептеу (смета бойынша);

11) Жеткізушілерден жабдықтар мен құрал-саймандарды 200000 теңгеге сатып алу (смета бойынша);

12) Қаржы бөлімі тарапынан бір жылға бөлініп және мекеменің ағымдағы шотына 12500000 теңге мөлшерінде ақша қаражаттары түсті (смета бойынша);

13) Жұмысшылар мен қызметкерлердің еңбекақысынан 320000 теңге сомада табыс салығы есептелді (есептер бойынша);

14) Персоналдың еңбекақысынан жинақтаушы зейнетақы қорына 600000 теңге төлемдер есептелді (есептер бойынша);

15) Жеткізушілерге атқарылған қызметтері үшін 5350000 теңге сомада ақша төленді (төлем тапсырмалары бойынша);

16) Жеткізушіге атқарылған қызметтері үшін 20000 теңге қолма-қол ақша берілді (квитанция бойынша);

17) Персоналдың еңбекақысынан жинақтаушы зейнетақы қорына 600000 теңге төлемдер төленді (төлем тапсырмалары бойынша);

18) МСИ-на персоналдың еңбекақысы негізінде 918000 теңге әлеуметтік салық төленді (төлем тапсырмалары бойынша);

19) МСИ-на персоналдың еңбекақысынан 320000 теңге жеке табыс салығы төленді (төлем тапсырмалары бойынша);

20) Банктегі ағымдағы есеп шотынан 5312000 теңге қолма-қол ақша алынды (чек кітапшасы бойынша);

21) Персоналға жәрдемақы беру бойынша 162000 теңге берілді (ведомость бойынша);

22) Персоналға 5080000 теңге қолма-қол ақшамен еңбекақы берілді (ведомость бойынша);

23) Есепті түрде іс-сапар шығыстарына 50000 теңге қолма-қол ақша берілді (шығыс кассалық ордерлер бойынша);

24) Ауруларды бір жыл мерзімде тамақтандыруға 960000 теңгеге тағамдық азықтар шығыс етілді (материалдық есептер бойынша);

25) Ауруларды бір жыл мерзімде емдеуге 2020000 теңге мөлшерінде дәрі-дәрмектер шығыс етілді (материалдық есептер бойынша);

26) Шаруашылық мұқтаждықтар үшін 700000 теңге мөлшерінде материалдар шығыс етілді (материалдық есептер бойынша);

27) Шаруашылық мұқтаждықтар үшін 870000 теңге сомада электр қуаты, байланыс, отын шығыс етілді (материалдық есептер бойынша);

28) Үйлерді ұстау мен ағымдағы жөндеуге 460000 теңгеге құрылыс материалдары шығыс етілді (материалдық есептер бойынша).

Бұл жерде (бюджеттік ұйымдарда) келген материалдар, тауарлар мен қызметтердің барлық түрлері өздерінің бағасына ҚҚС-ның құнын қоса кіріс болатындығын еске саламыз.

Жоғарыдағы мәліметтер бойынша шаруашылық операциялардың журналын толтырамыз:

Шаруаш. операциялардың нөмірлері	Сомасы	Шоттардың корреспонденциясы		Шаруаш. операциялардың нөмірлері	Сомасы	Шоттардың корреспонденциясы	
		Дт	Кт			Дт	Кт
1	2	3	4	5	6	7	8
№1	6000000	5010	3350	№15	5350000	3310	1040
№2	162000	5010	3210	№16	20000	3310	1010
№3	918000	5010	3150	№17	600000	3220	1040
№4	1020000	1315азық	3310	№18	918000	3150	1040
№5	2100000	1315дәрі	3310	№19	320000	3120	1040
№6	50000	5010	1250	№20	5312000	1010	1040
№7	700000	1310	3310	№21	162000	3210	1010
№8	20000	5010	3310	№22	5080000	3350	1010
№9	870000	1312	3310	№23	50000	1250	1010
№10	460000	1317	3310	№24	960000	5010	1315азық
№11	200000	2417	3310	№25	2020000	5010	1315дәрі
№12	12500000	1040	5010	№26	700000	5010	1310
№13	320000	3350	3120	№27	870000	5010	1312
№14	600000	3350	3220	№28	460000	5010	1317

Жиынтығы: 48742000

Бұл жиынтық есепті кезеңдегі дебет пен кредит бойынша айналымдардың жиынтықтарына тең болуы тиіс.

III. Есеп регистрларын синтетикалық шоттар (проводкалар) бойынша олардың нөмірлерінің өсу тәртібімен (журнал-ордерлі түрі бойынша) құруға көшеміз.

Торлардың жетіспеушілігінен № 5010 «Бюджеттен қаржыландыру» шоты бойынша есеп регистрі мемориалды-ордерлі түрімен бейнеленеді.

1) № 1010 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша кассадағы қолма-қол ақша

Жыл басына салымо	1010 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың дебетіне	Дебет бойынша жиынтық	1010 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына салымо
Қолма-қол ақша	1040	5312000	5312000	5312000	-
Жиынтығы		5312000	5312000	5312000	5312000

2) № 1040 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша ағымдағы банктік шоттағы ақша қаражаттары

Жыл басына салымо	1040 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	1040 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне				Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына салымо
			3310	3220	3150	3120		
Ақша қаражаттары	5010	12500000	5350000	600000	918000	320000	5312000	-
Жиынтығы		12500000	5350000	600000	918000	320000	5312000	12500000

3) № 1250 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша қызметкерлердің есепті сомалары

	Жыл басына сальдо	1250 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	1250 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо
		1010		5010		
Есепті сомалар	-	50000	50000	50000	50000	-
Жиынтығы	-	50000	50000	50000	50000	-

4) № 1310 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша материалдар

	Жыл басына сальдо	1310 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	1310 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо
		3310		5010		
Материалдар	-	700000	700000	700000	700000	-
Жиынтығы	-	700000	700000	700000	700000	-

5) № 1312 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша қуат ресурстары

	Жыл басына сальдо	1312 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	1312 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо
		3310		5010		
Қуат ресурстары	-	870000	870000	870000	870000	-
Жиынтығы	-	870000	870000	870000	870000	-

6) № 1315 азық шоты 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша тағамдық азықтар

	Жыл басына сальдо	1315 азық шотының дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	1315 азық шотының кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо
		3310		5010		
Тағамдық азықтар	-	1020000	1020000	960000	960000	60000
Жиынтығы	-	1020000	1020000	960000	960000	60000

7) № 1315 дәрі шоты 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша дәрі-дәрмектер

	Жыл басына сальдо	1315 дәрі шотының дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	1315 дәрі шотының кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо
		3310		5010		
Дәрі дәрмектер	-	2100000	2100000	2020000	2020000	80000
Жиынтығы	-	2100000	2100000	2020000	2020000	80000

8) № 1317 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша құрылыс материалдары

	Жыл басына сальдо	1317 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	1317 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо
		3310		5010		
Құрылыс материалдары	-	460000	460000	460000	460000	-
Жиынтығы	-	460000	460000	460000	460000	-

9) № 2417 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша құрал-саймандар мен керек-жарақтар

	Жыл басына сальдо		2417 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	2417 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо	
	Дт	Кт					Дт	Кт
			3310					
Негізгі құралдар	-		200000	200000		-		200000
Жиынтығы	-		200000	200000		-		200000

10) № 5010 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша бюджеттен қаржыландыру

		С = 0	
1) 6000000		12) 12500000	
2) 162000			
3) 918000			
6) 50000			
8) 20000			
24) 960000			
25) 2020000			
26) 700000			
27) 870000			
28) 460000			
Об = 12160000		Об = 12500000	
		С = 340000	

11) № 3120 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша жеке табыс салығы

	Жыл басына сальдо		3120 шотының кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	3120 шотының дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо	
	Дт	Кт					Дт	Кт
			3350		1040			
Табыс салығы	-	-	320000	320000	320000	320000	-	-
Жиынтығы	-	-	320000	320000	320000	320000	-	-

12) № 3150 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша әлеуметтік салық

	Жыл басына сальдо		3150 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	3150 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен	Дебет бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо	
	Дт	Кт					Дт	Кт
			5010		1040			
Әлеуметтік салық	-	-	918000	918000	918000	918000	-	-
Жиынтығы	-	-	918000	918000	918000	918000	-	-

13) № 3210 шоты 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухананың әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелері

	Жыл басына сальдо		3210 шотының кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	3210 шотының дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен		Дебет бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо	
	Дт	Кт			Дт	Кт		Дт	Кт
			5010		1010				
Орнын толтыратын төлемдер	-	-	162000	162000	162000		162000	-	-
Жиынтығы	-	-	162000	162000	162000		162000	-	-

14) № 3220 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухананың зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер

	Жыл басына сальдо		3220 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне	Кредит бойынша жиынтық	3220 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен		Дебет бойынша жиынтық	Жыл соңына сальдо	
	Дт	Кт			Дт	Кт		Дт	Кт
			3350		1040				
Жарналар	-	-	600000	600000	600000		600000	-	-
Жиынтығы	-	-	600000	600000	600000		600000	-	-

15) № 3310 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухана бойынша жеткізушілерге қысқа мерзімді берешек

Жыл басына сальдо	3310 шоттың кредитінен көрсетілген шоттың дебетіне							Жыл соңына сальдо			
	Дт	Кт	1315 азық	1315 дәрі	1310	5010	1312	1317	2417	Дт	Кт
Жеткізушілер	-	-	1020000	2100000	700000	20000	870000	460000	200000	5370000	-
Жиынтығы	-	-	1020000	2100000	700000	20000	870000	460000	200000	5370000	-

16) № 3350 шот 2006 жылдағы қалалық жұқпалы ауруларға қарсы аурухананың еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешегі

Жыл басына сальдо	3350 шоттың дебетіне көрсетілген шоттың кредитінен			Жыл соңына сальдо	
	Дт	Кт	Дебет бойынша жиынтық	Дт	Кт
Еңбекақы	-	-	3200000	3200000	6000000
Жиынтығы	-	-	3200000	3200000	6000000

IV. Есеп регистрларының мәліметтері бойынша айналым ведомосын құрамыз

№	Шоттардың нөмірлері мен атауы	Жыл басына сальдо		Есепті жылдағы айналымдар		Жыл соңына сальдо	
		Дт	Кт	Дт	Кт	Дт	Кт
1	1010 Кассадағы теңгемен ақша	-	-	5312000	5312000	-	-
2	1040 Ағымдағы шоттағы ақша қаражаттары	-	-	12500000	12500000	-	-
3	1310 Материалдар	-	-	700000	700000	-	-
4	1312 Қуат ресурстары	-	-	870000	870000	-	-
5	1315 азық. Тағамдық азықтар	-	-	1020000	960000	60000	-
6	1315 дәрі. Дәрі-дәрмектер	-	-	2100000	2020000	80000	-
7	1317 Құрылыс материалдары	-	-	460000	460000	-	-
8	1250 Қызметкерлердің есепті сомалары	-	-	50000	50000	-	-
9	2417 Басқа негізгі құралдар	-	-	200000	-	200000	-
10	3120 Жеке табыс салығы	-	-	320000	320000	-	-
11	3150 Әлеуметтік салық	-	-	918000	918000	-	-
12	3210 Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер	-	-	162000	162000	-	-
13	3220 Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер	-	-	600000	600000	-	-
14	3310 Жеткізушілерге қысқа мерзімді берешек	-	-	5370000	5370000	-	-
15	3350 Еңбекақы төлеу бойынша берешек	-	-	6000000	6000000	-	-
16	5010 Жарияланған капитал	-	-	12160000	12500000	-	340000
	ЖИЫНТЫҒЫ:	-	-	48742000	48742000	340000	340000

II ТАРАУ. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖҮРГІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Әдістемелік көрсетулер

ҚР Қаржы министрлігі 2005 жылғы 22 желтоқсандағы «ХҚЕС сәйкес қаржылық есептілікті жасайтын бухгалтерлік есеп шоттарының Жұмыс жоспарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулықты (негізді) бекіту туралы» № 426 бұйрығымен шоттардың Типтік жоспарында бекітілген тұжырымды негізі сақталған субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметі бойынша есеп жүргізу шоттарының Жұмыс жоспарын дайындап, іске асыруда.

Осының нәтижесінде экономиканың барлық салаларында бухгалтерлік есеп жүргізуде шоттардың бірыңғай корреспонденциясын дайындау қажеттігі туындады. Шаруашылық операцияларды халықаралық стандарттарға негізделген бухгалтерлік есеп-қисап шоттарында көрсету, кәсіпорындардың нақты және дәлелді дамуының тұрақты экономикалық негізін қамтамасыз ету республикамызға шетелдік инвестицияларды тартуға негіз жасайды.

Бухгалтерлік есеп шоттарының Жұмыс жоспары нарықтық экономика мен халықаралық стандарттарға бағыттталып, еңбек өнімділігін жоғарылатуға, өндірілетін өнімнің өзіндік құны мен тиімділігін, орындалған жұмыстар мен атқарылған қызметтердің нақты мөлшерін анықтауға және кәсіпорындар мен олардың құрамдас бөлімшелерінің өндірістік-қаржылық қызметінің экономикалық талдау жұмыстарын орындауға мүмкіндік береді.

Осы оқу құралында әрбір синтетикалық шоттың сипаттамасынан соң, оның басқа синтетикалық шоттармен корреспонденциялық байланыс үлгісі (типтік) — сызбанұсқасы берілген. Егер де берілген үлгі — сызбанұсқада кейбір көрсетілмеген шаруашылық қызметтердің есептеу фактілері кездессе, кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп-қисап жүргізудің негізгі әдістемелік қағидаларына сүйеніп, оны толықтырасыздар деп сенеміз.

Оларды орындау үшін қажет болатын тиісті құжаттар мен операциялардың мазмұнын түсіндіруімен бухгалтерлік проводкалардың мысалдары көрнекі түрде көрсетілді.

Оқу құралы шаруашылық операцияларды бухгалтерлік есеп шоттарының Жұмыс жоспары бойынша жүргізу, мамандардың күнделікті жұмысында жаңа әдістемелерді пайдалану, нарық жағдайында бухгалтерлік ақпарат түзу және оны толық көрсету,

Талдаудан қаржы-шаруашылық операциялар мен проводкалар дұрыс жасалғаны көрініп тұр.

Алдын ала айтылғандай, бұл мекеме шаруашылық есепті болмағандықтан және бюджеттен қаржыландырылатындықтан, VI—XIII баптар болмайды.

V. Операциялар журнал-ордерлі түрмен жасалғандықтан, бас кітаптың бланкілерін толтырудың қажеті жоқ.

XIV. Бөлімнің соңында 2006 жылдың бухгалтерлік балансын құрастырамыз. Ол үшін айналым ведомосына сүйенеміз.

(мың теңге)

Активтер	Жылдың басына	Жылдың соңына
Басқа негізгі құралдар	-	200,0
Материалдар, тауарлардың бар болуы	-	140,0
Жиынтығы:	-	340,0

(мың теңге)

Пассивтер	Жылдың басына	Жылдың соңына
Қаржыландыру көзі салымдар мен пайлар	-	340,0
Жиынтығы:	-	340,0

Біздің мәліметтеріміз бойынша қысқаша талдау жасаймыз. Баланстың бұл жағдайы қалдықта қалған негізгі құралдар мен материалдар бюджет арқылы қаржыландырылғанмен, бірақ әлі шығысқа жіберілмегенін білдіреді. Яғни қаржыландыру шығыстардан 340,0 мың теңгеге асып кетіп тұр. Бұл мүмкін болатын жағдай.

Біз алдын ала айтып ескерткендей, № 5010 «Жарияланған капитал» шоты № 5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотын есімізге салады, ал оның жылдың соңындағы сальдосы № 5430 «Есепті жылдың бөлінбеген пайдасы (жабылмаған залалы)» шотын есімізге салады.

Бұл биылғы жылы қаржыландыру шығыстардан асып кеткенін және келесі жылы бұл жайт алдағы кезеңді қаржыландыру үшін сметаны жасау кезінде есепке алынуы қажет екендігін білдіреді.

Сонымен, біз экономиканың барлық салаларында бухгалтерлік балансты құрастыру мен есеп жүргізуді нақты мысалдарда қарап шықтық.

әрі қорытындылауды көздейді. Ондағы мәліметтер 2006 жылдың 6 қаңтарына дейінгі нормативтік бухгалтерлік құжаттарға енгізілген өзгерістерге сай келтірілген.

Уақытты үнемді пайдалану және үйрену процесін жылдам жүргізу, сондай-ақ бухгалтерлік есепті тиімді басқару мақсатында оқулықта тек қана жиі қолданылатын шоттар мысалға келтірілген.

Құрал әрбір жаңа бастаушы есепшіге ойлаған шаруашылық операциясының мазмұны бойынша бухгалтерлік есеп шоттарының корреспонденциясын дұрыс анықтауға, қосарлы жазбаны сауатты бейнелеуге және соған сәйкес қажетті құжатты құрастыруға көмектеседі.

1. СИНТЕТИКАЛЫҚ ЕСЕП БОЙЫНША БУХГАЛТЕРЛІК ШОТТАРДЫҢ КОРРЕСПОНДЕНЦИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫС НҰСҚАЛАРЫ

1. БӨЛІМ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

Бірінші бөлім мынадай кіші бөлімдерді қамтиды:

1000 «Ақша қаражаты»;

1100 «Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары»;

1200 «Қысқа мерзімді дебиторлық берешек»;

1300 «Қорлар»;

1400 «Ағымдағы салық активтері»;

1500 «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер»;

1600 «Өзге қысқа мерзімді активтер».

Бұл бөлімнің шоттары аталған қысқа мерзімді активтердің мөлшері мен қозғалысы туралы ақпаратты қорытындылауға арналған.

10 кіші бөлім Ақша қаражаты

10 кіші бөлім шоттарын өзара байланыстыру

Шот 1010. Кассадағы теңгемен ақша қаражаты — төмендегі шоттармен:

дебеттік			кредиттік
1010-1030	Жолдағы теңгемен ақша қаражаты	Ағымдағы банктік шоттардағы теңгемен ақша қаражаты	1040-1010
1010-(1220-1240)	Ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі		
1010-1250	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	Ұйымдарға қысқа мерзімді қаржы инвестициялары	(1110, 1150)-1010

1010-1280	Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	Ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	(1220-1240)-1010
1010-(3010, 3020, 3050)	Алынған қысқа мерзімді қарыз	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	1250-1010
1010-(3320-3340)	Ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек	Тауар-материалдық қорлар	(1310-1315)-1010
1010-5020	Төленбеген капитал	Тауарлар	1330-1010
1010-5210	Сатып алынған жеке меншік үлестік аспаптар	Материалдық емес активтер	(2710-2730)-1010
1010-6010	Өнімдерді сатудан және қызмет көрсетуден алынатын кіріс	Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері	(3010, 3020, 3050)-1010
		Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек	3030-1010
		Ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек	(3320-3340)-1010
		Еңбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек	3350-1010
		Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек	3390-1010
		Өнімдерді сату және қызмет көрсету бойынша шығыстар	7110-1010

		Әкімшілік шығыстар	7210-1010
		Қаржыландыруға арналған басқа да шығыстар	7340-1010
		Басқа да шығыстар	7470-1010

Шот 1020. Кассадағы валютамен ақша қаражаты

— төмендегі шоттармен:

дебеттік		кредиттік	
1020-1050	Ағымдағы банктік шоттардағы валютамен ақша қаражаты	Ағымдағы банктік шоттардағы валютамен ақша қаражаты	1050-1020
1020-1250	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі	1250-1020

Шот 1030. Жолдағы ақшалар — төмендегі шоттармен:

дебеттік		кредиттік	
1030-1010	Кассадағы теңгемен ақша қаражаты	Ағымдағы банктік шоттардағы теңгемен ақша қаражаты	1040-1030
1030-1210	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі		
1030-1250	Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі		
1030-(3320-3340)	Ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек		
1030-3510	Алынған қысқа мерзімді аванстар		

Шот 1040. Ағымдағы банктік шоттардағы теңгемен ақша қаражаты — төмендегі шоттармен:

дебеттік			кредиттік
1040-1030	Жолдағы теңгемен ақша қаражаты	Ағымдағы банктік шоттардағы теңгемен ақша қаражаты	1010-1040
1040-1110	Қысқа мерзімді ұсынылған қарыздар	Ағымдағы банктік шоттардағы валютамен ақша қаражаттары	1050-1040
1040-(1210, 2110)	Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа және ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі	Арнайы шоттардағы ақша қаражаттары	1070-1040
1040-(1220-1240)	Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	Ұйымдарға қысқа мерзімді қаржы инвестициялары	(1110, 1150)-1040
1040-1280	Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	Қысқа мерзімді инвестициялар	(1130-1150)-1040
1040-(3010, 3020, 3050)	Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері	Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек	1280-1040
1040-3110	Төлеуге тиісті корпорациялық табыс салығы	Тауар-материалдық қорлар	(1310-1315)-1040
1040-3130	Қосылған құн салығы	Берілген қысқа мерзімді аванстар	1610-1040
1040-(3140-3190)	Басқа салықтар	Алдағы кезеңдердің шығыстары	1620-1040
1040-(3320-3340)	Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	Өзге қысқа мерзімді активтер	1630-1040
1040-3360	Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек	Негізгі құралдар	(2410-2417)-1040

Бұл оқу құралының тағы бір маңыздылығы, авторлардың контрпассивті шоттарды, атап айтқанда, № 6020 «Сатылған өнімді қайтару» шотын, сатылған тауарлар қайтарылған жағдайда қолдануын көрнекі дәрежеде көрсетеді. Шынын айтқанда, біздің өмірімізге тек қана нарықтық қатынастарға көшге байланысты келісім шарттарға сәйкес сатылған тауарларды қайтару, сату жеңілдіктері, бағаны түсіру сияқты ұғымдар ене бастады. Бұл жағдай сатып алушылардың өздерінің мұқтаждықтарына тауарларды таңдау мен сатып алуда құқықтарын қорғап, ал сатушының өткізетін тауар үшін жауапкершілік дәрежесін күшейте түседі (№ 4 сызба).

Бұл төрт сызбаның ерекшелігі, олар экономиканың барлық салаларындағы шаруашылық процестер айналымы циклының аяқталғандығын толық және бірізді түрде көрсетуден тұрады. Олардың басты құндылығы, әрбір студентке ешқандай абыржусыз экономиканың кез келген саласындағы шаруашылық қызметтің әрбір кезеңінде проводка жазудың дұрыстығын анықтауға мүмкіндік беретін механизмнен тұрады.

Өндіріс пен сауда, сондай-ақ сатылған тауарларды қайтару кезіндегі бухгалтерлік проводкаларды жазудың дұрыстығын тексеру № 1 кесте бойынша жүргізіледі.

№ 1 кесте

Бухгалтерлік проводкалар жазудың дұрыстығын тексеру механизмі

Сызба бойынша:		Проводка бойынша:		
Шоттардың корреспонденциясы		Дт	Кт	Σ
8010	→ ⁴ 1320	1320	— 8010	= мөлшері
1040	← ⁸ 1310	1040	— 1310	= мөлшері
7010	→ ^{5а} 5410	5410	— 7010	= мөлшері
5410	→ ^{6а} 6010	6010	— 5410	= мөлшері
6020	← ⁹ 1210	6020	— 1210	= мөлшері
1310	← ¹ 3310	1310	— 3310	= мөлшері

Жалпы тексеру:

Мысалдар келтіреміз:

1-мысал — банкідегі есеп айырысу шотынан кассаға персоналдың еңбекақысын төлеу үшін 200000 теңге алынды.

Байланысатын екі шотты дұрыс таңдап және оларды «қоржынға» салуға әрекет жасаймыз. 1) «Есеп айырысу шотынан» деген тіркемені басшылыққа ала отырып, № 1 кестенің жәрдемімен сол кестедегі оның мағынасын анықтаймыз. Ол бухгалтерлік есептің № 1040 активті шотына сәйкес келеді; 2) «Кассаға» деген тіркеме тағы да № 1010 активті шотқа сәйкес келеді. Оларды «қоржынға» (шоттарды жинақтау және сараптау орны) саламыз. Одан соң, бұл екі шоттың байланысын «станокта» (шоттарды дұрыс үйлестіру және орналастыру орны) өңдейміз (төмендегі суретке қараңыз).

А) үлгісі. № 1040 шоттан бастайық, ол активті, ал «Есеп айырысу шотынан» деген тіркеме есеп айырысу шотындағы ақшаның кемуін білдіреді, демек, ережелерге сәйкес бұл шот *кредитте* тұруы тиіс;

В) үлгісі. № 1010 шот та активті, ал «кассаға» деген тіркеме кассадағы қолма-қол ақшаның көбеюін білдіреді, демек, ережелерге сәйкес бұл шот *дебетте* тұруы тиіс. Проводканың қорытынды жазуын келтірейік:

«Қоржын»		«Станок»			
	Басы	Дт	— Кт	Σ	= 200000
	А үлгісі		— 1040	=	200000
	В үлгісі	1010	—	=	200000
	Қорытынды	1010	— 1040	=	200000
Шаруашылық операцияның типін анықтаймыз		А	— А		І

2-мысал — қызметкердің еңбекақысынан 1500 теңге мөлшерінде табыс салығы ұсталды (есептелінді).

Байланысатын екі шотты дұрыс таңдап және оларды «қоржынға» салуға әрекет жасаймыз. 1) «Қызметкердің еңбекақысынан» деген тіркемені басшылыққа ала отырып, № 1 кестенің жәрдемімен сол кестедегі оның мағынасын анықтаймыз. Ол бухгалтерлік есептің № 3350 пассивті шотына сәйкес келеді; 2) «Табыс салығы ұсталды (есептелінді)» деген тіркеме тағы да № 3120 пассивті шотқа сәйкес келеді. Оларды «қоржынға» саламыз. Одан соң, бұл екі шоттың байланысын «станокта» өңдейміз (төмендегі суретке қараңыз).

А) үлгісі. № 3350 шоттан бастайық, ол пассивті, ал «Қызметкердің еңбекақысынан» деген тіркеме еңбекақы бойынша қарыздың кемуін білдіреді, демек, ережелерге сәйкес бұл шот *дебетте* тұруы тиіс;

В) үлгісі. № 3120 шот та пассивті, ал «Табыс салығы ұсталды (есептелінді)» деген тіркеме табыс салығы мөлшерінің көбеюін білдіреді, демек, ережелерге сәйкес бұл шот *кредитте* тұруы тиіс. Проводканың қорытынды жазуын келтірейік:

«Қоржын»		«Станок»			
	Басы	Дт	— Кт	Σ	= 1500
	А үлгісі	3350	—	=	1500
	В үлгісі		— 3120	=	1500
	Қорытынды	3350	— 3120	=	1500
Шаруашылық операцияның типін анықтаймыз		П	— П		П

3-мысал — кәсіпорынға жеткізушілерден 1000000 теңгеге материалдар келіп түсті.

Байланысатын екі шотты дұрыс таңдап және оларды «қоржынға» салуға әрекет жасаймыз. 1) «Жеткізушілерден» деген тіркемені басшылыққа ала отырып, №1 кестенің жәрдемімен сол кестедегі оның мағынасын анықтаймыз. Ол бухгалтерлік есептің №3310 пассивті шотына сәйкес келеді; 2) «Материалдар келіп түсті» деген тіркеме №1310 активті шотқа сәйкес келеді. Оларды қоржынға саламыз. Одан соң, бұл екі шоттың байланысын «станокта» өңдейміз (төмендегі суретке қараңыз).

А) үлгісі. №3310 шоттан бастайық, ол пассивті, ал «Жеткізушілерден» деген тіркеме жеткізушілер бойынша қарыздың көбеюін білдіреді, демек, ережелерге сәйкес бұл шот *кредитте* тұруы тиіс;

В) үлгісі. №1310 шот активті, ал «Материалдар келіп түсті» деген тіркеме материалдық ресурстар мөлшерінің көбеюін білдіреді, демек, ережелерге сәйкес бұл шот *дебетте* тұруы тиіс. Проводканың қорытынды жазуын келтірейік:


«Қоржын»		«Станок»			
	Басы	Дт	— Кт	Σ	= 1000000
	А үлгісі		— 3310	=	1000000
	В үлгісі	1310	—	=	1000000
	Қорытынды	1310	— 3310	=	1000000
Шаруашылық операцияның типін анықтаймыз		А	— П		П

4-мысал — кәсіпорын кассасынан персоналға 600000 теңге мөлшерде еңбекақы берілді.

Байланысатын екі шотты дұрыс таңдап және оларды «қоржынға» салуға әрекет жасаймыз. 1) «Кәсіпорын кассасынан» деген тіркемені басшылыққа ала отырып, №1 кестенің жәрдемімен сол кестедегі оның мағынасын анықтаймыз. Ол бухгалтерлік есептің №1010 активті шотына сәйкес келеді; 2) «Еңбек ақы берілді» деген тіркеме №3350 пассивті шотқа сәйкес келеді. Оларды «қоржынға» саламыз. Одан соң, бұл екі шоттың байланысын «станокта» өңдейміз (төмендегі суретке қараңыз).

А) үлгісі. №1010 шоттан бастайық, ол активті, ал «кәсіпорын кассасынан» деген тіркеме кассадағы қолма-қол ақшаның кемуін білдіреді, демек, ережелерге сәйкес бұл шот *кредитте* тұруы тиіс;

В) үлгісі. №3350 шот пассивті, ал «еңбекақы берілді» деген тіркеме еңбекақы бойынша қарыздың кемуін білдіреді, демек, ережелерге сәйкес бұл шот *дебетте* тұруы тиіс. Проводканың қорытынды жауын келтірейік.

«Қоржын»		Дт		Кт	Σ
	Басы		—		= 600000
	А үлгісі		—	1010	= 600000
	В үлгісі	3350	—		= 600000
	Қорытынды	3350	—	1010	= 600000
Шаруашылық операцияның типін анықтаймыз		II	—	A	IV

Көрсетілген әдістер жәрдемімен студенттер №1-4 сызбаларда бейнеленген қызметтің кез келген кезеңіндегі шаруашылық операциялар (проводкалар) жазудың дұрыстығын анық тексере алады.

Сызбалардың пайдаланылуын ыңғайластыру мақсатында шаруашылық процесс және оның құрамдас элементтерінің айналымы қалың сызықпен сызылған. Ал, басқа бухгалтерлік шоттар арасындағы байланыстар жіңішке сызықпен бейнеленген.

Бұл жерде біз бухгалтерлік шоттардың барлығы №5430 «Өткен жылдардағы пайда (залал)» шотынан басқа (егер алдыңғы жылдар есебінен қосылып есептелетін қарыздар болмаса) өздерінің қисынды аяқталатындығын айтуымыз керек.

Мысалдар келтіреміз: шоттар бойынша есептелген салықтар мен қарыздар (№3110-3190, 3360, 3220, 3210, 3240) есеп айырысу шотынан төленеді, ал №1250 «Қызметкерлердің қысқа мерзімді қарыздары» шоты бойынша берілген ақшалар шығыстарға жабылады және т.б.

Нәтижелі №5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шоты шаруашылық субъекті қызметінің түпкі мақсаты — пайда алуын өзінің салыстырылуында қалыптастыратын бухгалтерлік шоттардың шығыс және кіріс көрсеткіштерінің бағыттары бар жұлдыз ретінде бейнеленеді.

Шаруашылық операциялар жасауға кірісуден алдын біз оларды кейіннен келетін № 1—4 сызбаларда теориялық түрде қараймыз. Әрбір көрсетілген процестегі шаруашылық құралдар айналымының сызбасын қарап болғаннан соң, оларға кейбір түсініктеме береміз:

а) № 1 кестеге сәйкес шаруашылық операциялардың жүрісі бойынша көрсеткіш оқтың бағыты мен оның бағытының проводка көрсеткіші оғының бағытымен бірдей болу шартын (яғни, тек қана **кредиттен дебетке** қарай) қолдана отырып, студенттер бухгалтерлік проводкаларды қатесіз жаза алады;

б) Уақытты үнемді пайдалану мақсатында біз тек қана қалың сызықпен сызылған шаруашылық операциялар бойынша нақты мысалдар келтіріп отырамыз;

в) Ал, қалған жіңішке сызықпен сызылып және майда шрифтпен бейнеленген шаруашылық операциялар жекелеген түрде түсінік ретінде қолданылады;

г) Шаруашылық операциялардың тәртібі өздерінің технологиялық немесе қисынды жүйелілігімен көрсетіледі.


I бөлім. (Шаруашылық) өндірістік процесті қарайық.
Шаруашылық операциялардың тізімін келтіреміз:

№	Операциялардың мазмұны	Мөлшері	Шоттардың корреспонденциясы	
			Д-т	К-т
1	Жеткізушілерден материалдар келіп түсті	1000000	1310	3310
1a	Сатып алынған материалдар бойынша өтелуге тиіс ҚҚС	140000	1420	3310
1б	Келіп түскен материалдарға акциз есептелді	8000	3140	3310
1в	Есептелген акциз материалдың құнына апарылды	8000	1310	3140
2	Материалдардың қажетті мөлшері негізгі өндіріске шығыс етілді	800000	8011	1310
3	Қызметтегі персоналға еңбекақы есептелінді	100000	8012	3350
4	Негізгі өндірістен қоймаға дайын өнім келіп түсті	980000	1320	8010
5	Дайын өнім сатып алушыға жіберілді (өзіндік құн бойынша)	900000	7010	1320
6	Өткізілген өнімге табыс есептелінді	1100000	1210	6010
7	Өткізілген өнімге ҚҚС есептелінді	154000	1210	3130
7a	Өтелуге тиіс ҚҚС-ның мөлшері есепке жатыстырылды	140000	3130	1420
8	Есеп айырысу шотына сатып алушыдан (тапсырысшыдан) келіп түсті	1254000	1040	1210
9	Алынған материалдарға жеткізушілер тарапынан қойылған шоттары төленді	1148000	3310	1040
10	Банкідегі есеп айырысу шотынан кассаға қолма-қол ақша алынды	100000	1010	1040
11	Қызметтегі персоналдың еңбекақысы төленді	82000	3350	1010

Қысқаша талдау жасаймыз:

- 1) Қоймадағы материалдардың қалдығы (1000000 — 800000)
= 200000 теңге;
- 2) Есептелген акциз материалдың құнына апарылды = 8000 теңге;
- 3) Өтелуге тиіс ҚҚС есепке жатыстырылды = 140000 теңге;
- 4) Қоймадағы дайын өнімнің қалдығы (980000 — 900000)
= 80000 теңге;
- 5) Өткізілген өнімге есептелінген ҚҚС-ның мөлшері = 154000 теңге;
- 6) Салық инспекциясына төленуге тиіс ҚҚС-ның мөлшері
(154000 — 140000) = 14000 теңге;
- 7) Есеп айырысу шотындағы қалған ақшаның қалдығы
(1254000 — 1148000 — 100000) = 6000 теңге;
- 8) Қызметтегі персоналға берілген еңбекақының мөлшері
(100000 — 10000 — 8000)
№3350 №3220 №3120 = 82000 теңге;
- 9) Кассада қалған қолма-қол ақшаның қалдығы
(100000 — 82000) = 18000 теңге.

Шаруашылық (өндірістік) процеске қатысушы құралдар (қар жығар) айналымының құрылымы



«В» бабына сәйкес, технологиялық бірізділік бойынша (мөлшерлерін көрсетусіз) бұл шаруашылық операциялардың мазмұнын қысқаша түсіндіреміз:

№1 сызба бойынша

№	Шоттардың корреспонденциясы		Σ	Шаруашылық операциялардың мазмұны
	Дт	Кт		
1	2	3	4	5
<i>№8010 шот</i>				
1	8014	1250	Мөлшері	Негізгі өндірістегі үстеме (іссапар) шығыстары есептелді
2	8013	3150	Мөлшері	Негізгі өндірістегі әлеуметтік салық есептелді
3	8014	8045	Мөлшері	Амортизациялық қаржылар негізгі өндіріске апарылды
3a	8045	2421-2429	Мөлшері	Негізгі өндірістегі материалдық емес активтер мен негізгі құралдар бойынша амортизациялық қаржылар есептелінді
4	8010	8011-8014	Мөлшері	Негізгі өндірістегі шығындардың калькуляциялауы жүргізілді
5	2930	8010	Мөлшері	1. Құнарлы малдың төлі алынды (ауыл шаруашылығында) 2. Аяқталмаған құрылыстың мөлшері белгіленді (құрылыста)
6	1340	8010	Мөлшері	Жыл соңында негізгі өндіріс аяқталмаған өндіріс ретінде белгіленеді
<i>№7010 шот</i>				
1	7010	8010	Мөлшері	Негізгі өндірістің шығындары өзіндік құнға шығыс етіледі (көлік немесе қызметтің басқа түрлері көрсетілген кезде)
<i>№1210 шот</i>				
1	1210	3140	Мөлшері	Акцизді тауарды өткізуге акциз есептелінді

№1040 шот				
1	3101-3190	1040		Есеп айырысу шотынан салықтардың барлық түрлерінің төленуі
2	7210	1040	Мөлшері	Есеп айырысу шотынан әкімшілік шығыстардың (айыппұлдар, пошта-телеграф және басқа шаруашылық шығыстар) төленуі
3	6410, 6420, 7610, 7620	1040	Мөлшері	Есеп айырысу шотынан төтенше жағдайлар, тоқтатылған операциялар мен басқа ұйымдардағы үлесті қатысулар бойынша шығыстардың төленуі


Құралдардың айналымын бейнелейтін операциялар:

- 1 — жеткізушілерден материалдар келіп түсті.
- 1a — сатып алынған ресурстар бойынша өтелуге тиіс ҚҚС.
- 1б — келіп түскен материалдарға акциз есептелінді.
- 1в — есептелген акциз материалдардың құнына енгізілді.
- 2 — қажетті материалдар негізгі өндіріске шығыс етілді.
- 3 — өндірістегі жұмысшыларға еңбекақы есептелінді.
- 4 — дайын өнім қоймаға келіп түсті.
- 5 — дайын өнім сатып алушыға жөнелтілді.
- 6 — өткізілген өнімге кіріс есептелді.
- 7 — өткізілген өнімге ҚҚС есептелді.
- 7a — өтелуге тиіс ҚҚС сомасы есепке жатыстырылды.
- 8 — есеп айырысу шотына алушылардан ақшалар келіп түсті.
- 9 — жеткізушілердің шоттары төленді.
- 10 — есеп айырысу шотынан кассаға қолма-қол ақша алынды.
- 11 — жұмысшыларға еңбекақы төленді.

Жыл соңында:

- 5a — өткізілген өнім өзіндік құнының мөлшері анықталды.
- 6a — өткізілген өнім үшін есептелген кірістің мөлшері анықталды.

№ 1a сызбасы



№1а сызбасы бойынша

№	Шоттардың корреспонденциясы		Σ	Шаруашылық операциялардың мазмұны
	Дт	Кт		
Табыстар				
<i>№1210 шот</i>				
1	1210	6210	Мөлшері	Материалдық емес активтердің есептен шығуынан түскен табыс
2	1210	6210		Негізгі құралдардың есептен шығуынан түскен табыс
<i>№1270 шот</i>				
1	1270	6110	Мөлшері	Инвестициялардың, қаржылай инвестициялардың пайдаланылуынан түскен табыс
2	1270	6120	Мөлшері	Дивидендтер мен сыйақылар бойынша есептелген табыс
<i>№1040 шот</i>				
1	1040	6250	Мөлшері	Бағамдық айырмадан түскен табыс
2	1040	6230	Мөлшері	Өкіметтің атқарушы органдарының субсидиялары
3	1040	6280	Мөлшері	Негізгі емес қызметтен түскен басқа кірістер
Шығыстар				
<i>№7210 шот</i>				
1	7210	1040	Мөлшері	Шаруашылық және әкімшілік шығыстардың төленуі
2	7210	3150	Мөлшері	Әкімшілік-басқару персоналдың еңбекақысынан әлеуметтік салық есептелді
3	7210	3160	Мөлшері	Жер салығы бойынша шығыстар есептелді
4	7210	3180	Мөлшері	Мүлік салығы бойынша шығыстар есептелді
5	7210	3170	Мөлшері	Көлік құралдарына салынатын салық бойынша шығыстар есептелді
6	7210	3190	Мөлшері	Салықтардың басқа түрлері бойынша шығыстар есептелді
7	7210	3350	Мөлшері	Әкімшілік-басқару персоналының еңбекақысы бойынша шығыстар есептелді

<i>№7310 шот</i>				
1	7310	3380	Мөлшері	Қаржыны пайдаланғаны үшін есептелген сыйақылар бойынша шығыстар есептелді
<i>№7410 шот</i>				
1	7410	2710, 2730	Мөлшері	Материалдық емес активтердің есептен шығуы бойынша шығыстар есептелді
<i>№7410 шот</i>				
1	7410	2410-2417	Мөлшері	Негізгі құралдардың есептен шығуы бойынша шығыстар есептелді
<i>№7710 шот</i>				
1	7710	3110	Мөлшері	Корпорациялық табыс салығы бойынша шығыстар есептелді

Осыған ұқсас жолмен төтенше жағдайлар, тоқтатылған операциялар мен басқа ұйымдардағы үлесті қатысу бойынша шығыстар есептеледі.

Одан соң, шаруашылық қызметтің қаржылық нәтижелерін талдауға көшеміз.

Жыл соңында № 1а сызбасының жәрдемін пайдаланамыз. Ол үшін Бухгалтерлік есеп шоттары бас жоспарының нұсқауларына сәйкес № 6010 және № 7010 шоттарды № 5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабамыз (№ 5а және № 6а шаруашылық операциялары).

Аталған екі шоттың нәтижелерін салыстырамыз: № 6010 шот бойынша табыс 1100000 теңгені құрады (№ 6 шаруашылық операция), ал № 7010 шот бойынша өзіндік құн шығындарының жиынтығы 900000 теңгеге тең болды (№ 5 шаруашылық операция). Нәтижесінде: кірістер шығыстардан 200000 теңгеге артық болды (1100000 — 900000), бұл жағдай **пайда** 200000 теңгеге тең болғанын білдіреді.

Ал, біз 200000 теңге жиынтық табыс алған соң, міндетті түрде корпорациялық табыс салығын есептеуге тиістіміз (біздің вариантта, ол өнеркәсіпте 30 %-ға тең болады). Бұл жағдайда корпорациялық табыс салығы (№ 3110 шот) тең болады:

$$200000 \times 30\% = 60000 \text{ теңге}$$

Оны біз төмендегі бухгалтерлік проводка бойынша есептейміз:

$$\text{Дт} \quad \text{Кт} \quad \Sigma \\ 7710 \quad - \quad 3110 \quad = \quad 60000$$

(Бұл жанама байланыс № 3110 және № 5410 шоттар арасында пунктирлі сызықпен көрсетілген).


Ал, қалған есепті жылдың бөлінбеген табысы 200000 — 60000 = 140000 теңгеге тең және хронология бойынша алдыңғы жылдардың бөлінбеген табысына айналып, сонымен бірге № 5430 шотта жинақталып, бейнеленеді. (Бұл сызбаның сол жағында анық көрініп тұр).

Шығыстар кірістерден артық болған жағдайда кәсіпорын жиынтық залалға ұшырайды және корпорациялық табыс салығы есептелмейді. Көрсеткіш бағыты № 5410 шоттан № 5430 шотқа жіберілетіндігіне назар аударыңыз (ал, олар екеуі де пассивті), демек, кәсіпорын есепті жылда жабылмаған залалға ұшырайды, ал одан әрі табыс алу жағдайындағы тәртіпте қарала береді. (Бұл сызбаның оң жағында анық көрініп тұр).

Енді біз кірістер мен шығыстар бойынша жалпы талдау жасауымыз керек.

Сызбаның жоғарғы жағында № 6010 шоттан басқа материалдық емес активтер мен негізгі құралдардың есептен шығуынан, инвестициялардың пайдаланылуынан, бағалы қағаздар бойынша дивидендтерден, бағамдық айырмадан, өкіметтің атқарушы органдарының субсидиялары және құралдар мен ресурстарды қайтарымсыз түрде алудан түскен кірістерді көрсететін № 6210-6280 «Басқа да кірістер» шоттары орын алады.

Сызбаның төменгі жағында № 7010 шоттан басқа 7-ші бөлімнің басқа шоттары орын алады. Мысалы, № 7310 шот қаржылық ресурстарды пайдаланғаны үшін сыйақылар (№ 3380) есептеу бойынша шығыстарды бейнелейді; № 7210 шот енбекақы (№ 3350) есептеу, әкімшілік шығыстарды төлеу (№ 1040), әлеуметтік, жер, мүлік, көлік құралдарына және салықтардың басқа түрлерін төлеу (№ 3150, 3160, 3170, 3180, 3190) бойынша шығыстарды бейнелейді. №740 шотта материалдық емес активтер (№ 2710, 2730) мен негізгі құралдардың (2410-2417) есептен шығуын көрсетеді; № 7110, 7610, 7620 шоттар өнімді өткізу бойынша, төтенше жағдайлар мен тоқтатылған операциялар, сондай-ақ басқа ұйымдардағы үлесті қатысулардан болған шығыстардың есептелуін бейнелейді. Олар бойынша жоғарыда көрсетілген құралдар мен ресурстардың барлық түрлері шығыс етілуі мүмкін.



Бұл жерде өндірістегі өткізілген өнімнің өзіндік құны оған жұмсалатын материалдардың құнынан, оларды өңдейтін персоналдың еңбекақысынан, үстеме шығыстар және тікелей салықтардың кейбір түрлерінен қалыптасатындығына назар аударайық. Бұл менеджмент саласы болып табылады, өйткені ол адам факторымен байланысты. Ал, өнімді өткізу процесі маркетинг саласы болып табылады, өйткені ол нарықпен байланысады.

II бөлім. Енді біз сауда (коммерция) процесін қарауға көшеміз. № 2 сызба бойынша кейбір түсініктемелер берейік. Шаруашылық операциялар тізімін келтіреміз:

№	Операциялардың мазмұны	Мөлшері	Шоттардың корреспонденциясы	
			Д-т	К-т
1	Жеткізушілердің шоттары төленді	1254000	3310	1040
2	Жеткізушілерден сатып алынған тауарлар қоймаға келіп түсті	1100000	1331	3310
2a	Сатып алынған тауарлар бойынша ҚҚС	154000	1420	3310
3	Тауар саудаға шығарылды	800000	1332	1331
4	Тауарға үстеме баға қойылды (есептелінді)	200000	1332	1333
4 ¹	Тауарға қойылған үстеме баға өткізілді	150000	1332	1333
5	Өткізілетін тауарға ҚҚС есептелінді	140000	1332	1334
5 ¹	Өткізілген тауардың бағасындағы ҚҚС өткізілді	105000	1332	1334
6	Өткізілген тауардың өзіндік құны есептелді	600000	7010	1332
7	Персоналдың еңбекақысы есептелінді	40000	7010	3350
8	Тауардың өткізілуіне табыс есептелді	750000	1010	6010
9	Өткізілген тауарға ҚҚС есептелді	105000	1010	3130
9a	Сатып алынған тауарлар бойынша ҚҚС есепке жатыстырылды	154000	3130	1420
10	Қолма-қол ақша банкідегі есеп айырысу шотына өткізілді	855000	1040	1010

Қысқаша талдау жасаймыз: (еңбекақыны есептеусіз).

1) Қоймадағы тауардың қалдығы $(1100000 - 800000) = 300000$ теңге;

2) Саудадағы тауардың қалдығы $(1140000 - 855000) = 285000$ теңге;

3) Тауардың бағасындағы үстеменің қалдығы $(200000 - 150000) = 50000$ теңге;

4) Тауардың бағасындағы ҚҚС-ның қалдығы $(140000 - 105000) = 35000$ теңге;

5) Кассаға қолма-қол ақша түсті $(600000 + 150000 + 105000) = 855000$ теңге; № 1332 № 1333 № 1334

6) ҚҚС-ын төлеу бойынша. Сатып алынған тауарлар бойынша ҚҚС (№ 3110) 154000; өткізуге есептелінген ҚҚС (№ 3130) 105000; $154000 - 105000 = 49000$ теңге.

Бұл ҚҚС бойынша 49000 теңге артық төленуін білдіреді.

Бұл жағдай төмендегі себептен болып отыр:

а) қоймадағы тауарлардың қалдығы $(1100000 - 800000) = 300000$ теңге;

б) саудадағы тауарлардың қалдығы $285000 - (50000 + 35000) = 200000$ теңге. № 1332 № 1333 № 1334

«В» бабына сәйкес, біз технологиялық бірізділік бойынша бұл шаруашылық операциялардың мазмұнын қысқаша түсіндіреміз:

№	Шоттардың корреспонденциясы		Σ	Шаруашылық операцияның мазмұны
	Дт	Кт		
<i>№3350 шот</i>				
1	3350	3120	Мөлшері	Төлем көзі бойынша жеке тұлғалардан табыс салығы ұсталды (есептелді)
<i>№7010 шот</i>				
1	7010	1250	Мөлшері	Үстеме шығыстардың мөлшері саудадағы өзіндік құнға шығыс етіледі
2	7010	3150	Мөлшері	Әлеуметтік салықтың мөлшері саудадағы өзіндік құнға шығыс етіледі
3	7010	3360	Мөлшері	Жалгерлік міндеттемелердің мөлшері саудадағы өзіндік құнға шығыс етіледі
<i>№1010 шот</i>				
1	1250	1010	Мөлшері	Кассадан есепті сомалар берілді
2	3350	1010	Мөлшері	Кассадан еңбек ететін персоналдың еңбекақысы төленді

3	3360	1010	Мөлшері	Кассадан жалгерлік міндеттемелердің мөлшері төленді
<i>№1040 шот</i>				
1	3110, 3130	1040	Мөлшері	Есеп айырысу шотынан корпорациялық табыс салығы мен ҚҚС төленді
2	3150, 3120	1040	Мөлшері	Есеп айырысу шотынан әлеуметтік және жеке тұлғалардан табыс салығы төленді
3	3220	1040	Мөлшері	Есеп айырысу шотынан жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар төленді

Енді шаруашылық операциялардың қаржылық нәтижелерін талдауға көшеміз.

Жыл соңында № 5410 шотқа сүйенеміз. Жоғарғы жақта орын алып тұрған № 6010 шот пен төменгі жақта орын алған № 7010 шоттарды № 5410 «Есептік жылдың пайдасы (залалы)» шотына жабамыз (№ 6а және № 8а шаруашылық операциялары). Екі шоттың нәтижелерін салыстырамыз: № 6010 шоттың есептелуі 750000 теңгеге тең болды (№ 8 шаруашылық операция), ал өзіндік құн бойынша шығындардың жиынтығы 640000 теңгені құрады (№ 6, 7 шаруашылық операциялар). Нәтижесінде кірістер 110000 теңгеге артып кетті. Бұл пайданың 110000 теңгені құрағанын білдіреді.

Ал, біз 110000 теңге жиынтық табыс алатын болсақ, демек, онда корпорациялық табыс салығын есептеуге тиістіміз (біздің үлгіде сауда және ол 30 %-ға тен). Бұл жағдайда корпорациялық табыс салығы (№ 3110 шот) тең болады:

$$110000 \times 30\% = 33000 \text{ теңге}$$

Оны біз төмендегі бухгалтерлік проводка бойынша есептейміз:


$$\begin{array}{r} \text{Дт} \quad \quad \text{Кт} \\ 7710 \quad \text{—} \quad 3110 \quad = \quad \Sigma \\ \quad \quad \quad \quad \quad \quad \quad \quad 33000 \end{array}$$

(Бұл жанама байланыс пунктирлі сызықпен №3110 және №5410 шоттар арасында көрсетілген). Бұл жерде біз саудадағы тауардың өзіндік құны өткізілген тауарлардың құнынан, сауданы жүргізетін персоналдың еңбекақысынан және т.б. қалыптасатындығына назар аударайық. Бұл менеджмент саласы болып табылады, өйткені ол адам факторымен байланысты. Ал, тауарды өткізу процесі маркетинг саласы болып табылады, өйткені ол өндіріс жағдайындағы дайын нарықпен байланысты.

Көрнекілік құрал мақсатында студенттерге саудадағы элементтер формулалары № 2 сызбада келтірілген.

№ 3 сызба

Сақтаншыру процесі айналымында қатысушы бухгалтерлік проводкалардың құрылымы



III бөлім. Сақтандыру ісі мен инвестициялық қызметті
 карауға көшеміз.

№ 3 сызба бойынша кейбір түсініктемелер, атап айтқанда,
 шаруашылық операцияларды келтіреміз:

№	Операциялардың мазмұны	Мөлшері	Шоттардың корреспонденциясы	
			Д-т	К-т
1	Бағалы қағаздар сатып алу үшін ақшалар салынды	800000	1010	5010
2	Сақтандыру жарналары келіп түсті	1200000	1010	6010
3	Құрылтайшылар құжаттарына сәйкес мөлшерде резервтік капиталға қаржылар өткізілді	800000	5430	5340
4	Сатып алу бағасы бойынша акциялар алынды	800000	1150	1010
5	Әкімшілік-басқару персоналының еңбекақысы есептелінді	180000	7210	3350
6	Брокерлердің еңбекақысы есептелінді	360000	7010	3350
7	Жеткізушілердің шоттары қолма-қол ақшамен төленді	23000	3310	1010
8	Жеткізушілерден материалдар келіп түсті	20000	1310	3310
9	Сатып алынған материалдар бойынша өтелуге тиіс ҚҚС	3000	1420	3310
10	ҚҚС-ның мөлшері материалдардың құнына апарылды	3000	1310	1420
11	Материалдардың құны сақтандыру қызметінің өзіндік құнына апарылды	5000	7010	1310
12	Материалдардың құны өткізу бойынша шығыстарға апарылды	18000	7110	1310
13	Акциялар бойынша тиесілі дивидендтер есептелді	80000	1270	6120
14	Дивидендтер сомасы банкідегі есеп айырысу шотына келіп түсті	80000	1040	1270
15	Есеп айырысу шотынан еңбекақы төлеу үшін қолма-қол ақша алынды	50000	1010	1040
16	Корпорациялық табыс салығы есептелінді	215100	7710	3110
17	Корпорациялық табыс салығының мөлшері №571 шотқа жабылады	215100	5410	7710
18	Есепті жылдың бөлінбеген табысы есептеліп, өткен жылдардағы пайдаға көшірілді	501900	5410	5430

Қысқаша талдау жасаймыз:

1) Сақтандыру ісі мен инвестициялық қызметте ҚҚС есептелмейді және өтелмейді, сондықтан сатып алынған материалдар бойынша ҚҚС сол материалдардың құнына апарылады;

2) Құнды қағаздарды шығару мен өткізу үшін резервтік капитал қалыптастыру қажет (біздің жағдайда ол 800000 теңгеге тең);

3) Сақтандыру ісі инвестициялық қызмет сияқты өндірістік процеске жатпайды және сондықтан оларды сақтандыру компаниясы үшін қосарландыру пайдалы болады;

4) Жыл соңында негізгі және негізгі емес қызметтерден түскен кірістердің мөлшерін анықтаймыз:

$$(1200000 + 80000) = 1280000 \text{ теңге (табыстар мөлшері)}$$

$$\text{№ 6010} \quad \text{№ 6120}$$

5) Сондай-ақ, қызметтердің аталған түрлері бойынша шығыстардың мөлшерін анықтаймыз:

$$(365000 + 18000 + 180000) = 563000 \text{ теңге (шығыстар мөлшері);}$$

$$\text{№ 7010} \quad \text{№ 7110} \quad \text{№ 7210}$$

$$6) \text{ Пайда } (1280000 - 563000) = 717000 \text{ теңгеге тең болады;}$$


7) Корпорациялық табыс салығын есептейміз $(717000 \times 30\%) = 215100$ теңге;

8) Бөлінбеген табыс $717000 - 215100 = 501900$ теңгеге тең болады;

9) Құнды қағаздар шығару үшін есепті жылдың бөлінбеген табысы есебінен 800000 теңге мөлшерде капитал резервтелді.

Бұл сақтандыру компаниясы өзінің қызметінің бірінші жылы 717000 теңге мөлшерде жиынтық табыс ала отырып, кейінгі жылдарда жабылуға тиіс 298100 теңге *жабылмаған залал* мөлшерін білдіреді.

Сауданы тауарды қайтару процесіндегі бухгалтерлік провозкалардың құрылымы



«В» бабына сәйкес, технологиялық бірізділік бойынша көрсетілген шаруашылық операциялардың мазмұнын қысқаша түсіндіреміз:

№	Шоттардың корреспонденциясы		Σ	Шаруашылық операциялардың мазмұны
	Дт	Кт		
<i>№1010 шот</i>				
1	1250	1010	Мөлшері	Кассадан материалды жауапты тұлғаларға есепті сомалар берілді
2	3350	1010	Мөлшері	Кассадан қызмет ететін персоналдың еңбекақысы төленді
3	3360	1010	Мөлшері	Кассадан жалгерлік міндеттемелер бойынша қолма-қол ақша төленді
<i>№3350 шот</i>				
1	3350	3120	Мөлшері	Төлем көзі бойынша жеке тұлғалардан табыс салығы ұсталды (есептелді)
2	3350	3220	Мөлшері	Еңбекақыдан жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар ұсталды
<i>№7210 шот</i>				
1	7210	3150	Мөлшері	Әкімшілік-басқару персоналының еңбекақысы есебінен әлеуметтік салық есептелінді
<i>№7010 шот</i>				
1	7010	1250	Мөлшері	Есепті сомалардың мөлшері өзіндік күнге апарылды
2	7010	3150	Мөлшері	Брокерлердің еңбекақысы есебінен әлеуметтік салық есептелінді
3	7010	3360	Мөлшері	Есептелген жалгерлік міндеттемелердің мөлшері сақтандыру ісінің өзіндік құнына апарылды
<i>№1040 шот</i>				
1	3110, 3150	1040	Мөлшері	Есеп айырысу шотынан корпорациялық табыс және әлеуметтік салықтар төленді
2	3120	1040	Мөлшері	Есеп айырысу шотынан жеке тұлғалардан табыс салығы төленді
3	3220	1040	Мөлшері	Есеп айырысу шотынан жинақтаушы зейнетақы қорына жарналар төленді

Егер зер салып № 3 сызбаға қарасак, онда сақтандыру ісі мен инвестициялық қызметтің өндіріс және саудадан біршама өзгеше ерекшелігін көруге болады.

а) Материалдық шығындар бұл жағдайда қызметтің өзіндік құнын қалыптастыруда негізгі рөл атқармайды;

б) Бұл жерде негізгі рөлді субъективті себептерге көбірек дәрежеде байланысты емес сақтандыру төлемдері (№ 3390 ст шоты) атқарады;

в) № 3 сызба бізге № 5410 шоттың ортасы болып және оны 3 аумаққа: 1) сақтандыру ісін ұйымдастыру (менеджмент саласы); 2) сақтандыру ісін жүзеге асыру (маркетинг саласы); 3) маңызы кем емес резервтік капиталды ұйымдастыру мен нәтижені анықтау (қаржылық менеджмент саласы) деп, ойша бөлуге мүмкін болатын жұлдызды көз алдымызға келтіреді. Және барлық сол 3 аумақ өзара тікелей байланыста емес. Олардың арасында айқын байланыстыратын сызық өткізуге болмайды. Бұл — сіздердің назарларыңызға ұсынылатын сақтандыру ісінің басты ерекшелігі.

IV бөлім. Сатылған тауарларды қайтару процесін қараймыз.

Бұл сауда процесіне тән емес, бірақ нарықтық қатынастарға сай жүргізілетін операция.

№ 4 сызбадан (№ 3350 шот бойынша еңбекақы есебінсіз) өткізілген тауардың өзіндік құнын қалыптастыру (№ 7010 шот) мен өткізуден түскен кірістердің есептелуі (№ 6010 шот) көрініп тұр.

Сауда процесіндегі бұрынғы мысалға ораламыз (оның мәліметтерін пайдаланамыз). Сатып алушы келісім шартының бабына сәйкес, оған өткізілген тауарлардың 285000 теңгелік бөлігін қайтарды делік (ҚҚС-ын қоса). Алдымен қайтарылған тауардың құнындағы ҚҚС-ның мөлшерін анықтаймыз, ол үшін:

1) басшылыққа қайтарылған тауардың толық бағасын аламыз: = 287500 теңге (№ 1210 шот);

2) өткізілген тауардың мөлшерін анықтаймыз: $285000 : 1,14 = 250000$ теңге (№ 1332 шот + № 1333 шот);

3) қайтарылған тауардың толық бағасынан алу ережесімен өткізілген тауардың мөлшеріне кемітеміз (285000 — 250000) және ол 35000 теңгеге тең болады.

Ал, қалған операцияларды төмендегі кестеде қараймыз.

№	Шаруашылық операциялардың мазмұны	Мөлшері	Шоттардың корреспонденциясы	
			Д-т	К-т
8	Өткізілген тауарлар бойынша есептелген ҚҚС-ның мөлшерін қайтару	35000	1210	3130
9	Сатылған тауарларды қайтару	250000	6020	1210
10	Қайтарылған тауарлар есебінен сатып алушыға ақша қайтару	285000	1210	1040
11	Тауарларды қоймаға қайтару	200000	7010	1331
12	Жыл соңында № 6020 шот № 5410 шотқа жабылады	250000	5410	6020

Өткізілген тауарларды қайтару процесінің қаржылық талдауын жасаймыз:

- 1) Қоймадағы тауарлардың қалдығы көбейді (200000 теңгеге);
- 2) Есеп айырысу шотындағы ақшаның қалдығы кемиді (285000 теңгеге);
- 3) ҚҚС бойынша артық төлемінің мөлшері көбейді (35000 теңгеге);
- 4) Бөлінбеген пайданың мөлшері кемиді (50000 теңгеге).

Өткізілген тауарларды қайтару жағдайын бейнелеудің көрнекілігі үшін бұл процесс пунктирлі сызықпен көрсетілген (№ 4 сызбаға қараңыз).

Өткізілген тауарларды қайтару нәтижесінде қалыптасатын пайда мөлшерінің талдауын жасаймыз. № 5410 шоттан № 6010 шотқа қарай № 5а шаруашылық операциясы бойынша кіріс (750000 теңге) жіберіледі, ал өзіндік құн бойынша № 7010 шоттан № 5410 шотқа қарай № 4а шаруашылық операциясы бойынша шығыс (640000 теңге) жіберіледі. Демек, пайда 110000 теңгені құрайды (өткізілген тауарлардың қайтарылуынсыз).

Сатылған тауарлардың қайтарылуы жағдайында № 9 шаруашылық операциясы бойынша № 6020 шот, оны 250000 теңгеге кеміте келіп, № 5410 шотқа қарай жөнеледі. Бір мезгілде № 11 шаруашылық операция бойынша № 7010 шоттағы шығыстар да 200000 теңгеге кемиді (тауарлардың қайтарылуы есебінен). Нәтижесінде пайда

№ 5410 шот тең болады (750000 — 640000) — (250000 — 200000)
= 60000 теңгеге № 6020 № 7010

Одан әрі шаруашылық операциялар бұрынғы қалыптасқан тәртіппен жүргізіле береді. Ал, сатылған тауарлардың қайтарылуы сауда процесінің тек қана бөлігі болатындықтан, бұл жерде «в» бабы болмайды, өйткені торапты түйіндерді кеңінен көрсетудің қажеттілігі жоқ.

Қазақстандық ұйымдардың ХҚЕС-на өтуімен байланысты 2006 жылдың 6 қаңтарынан бастап бухгалтерлік есеп шоттарының жұмыс жоспары күшіне ене бастағаны мәлім. Бұл шоттардың жұмыс жоспары қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарын есепке алады (№ 2 қосымшаға қараңыз).

Енді шоттардың алдыңғы үлгі жоспарына қарағанда өзгешелігі, кәсіпорындар талдамалық шоттар ғана емес, сондай-ақ синтетикалық шоттарды аша алады.

ҚР Қаржы министрлігінің пікірінше, барлық ұйымдар үшін белгілі бір шоттар жоспары бола алмайды, өйткені мұндай жоспарды жасаушылар барлық компаниялардың жұмыс ерекшеліктерін біле алмайды. Басқа жағынан қарағанда, кәсіпорындардың көпшілігінде қажетті шоттардың қажетті жинағы бар деуге болады.

Сондықтан да олардың барлығы үшін міндетті талаптар қойылады. Шоттардың үлгі жоспары бір тәртіппен жасалғанын мынадан байқауға болады:

- активтер өтімділігінің кемуіне қарай орналасады;
- шоттар төрт мәнді саннан тұрады.

ҚР Қаржы министрінің «Қаржылық есептілік нысандарын бекіту туралы» жаңа бұйрығына сәйкес, «Кейбір акционерлік қоғамдар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тиімді басқару мен бақылауды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы» ҚР Үкіметінің 28.02.2001 ж. № 290 қаулысымен 1-қосымшада көрсетілген ұйымдар үшін қаржылық есептіліктің жылдық (тоқсандық) нысандары бекітілді.

Шоттардың жұмыс жоспары мынадай бөлімдерді қамтиды:

- 1 бөлім. «Қысқа мерзімді активтер»;
- 2 бөлім. «Ұзақ мерзімді активтер»;
- 3 бөлім. «Қысқа мерзімді міндеттемелер»;
- 4 бөлім. «Ұзақ мерзімді міндеттемелер»;
- 5 бөлім. «Капитал мен резервтер»;
- 6 бөлім. «Кірістер»;

7 бөлім. «Шығыстар»;

8 бөлім. «Өндірістік есепке алу шоттары».

Шоттардың жұмыс жоспарында баланстан тыс және контрактивті шоттардың жоқтығына назар аударайық. Одан басқа, кәсіпорындардың активтері мен міндеттемелері мерзімдік белгісімен, яғни қысқа және ұзақ мерзімді болып бөлінген.

Осы уақытқа дейін біздің қолдануымызда болмаған № 5420 «Есеп саясатының өзгеруі нәтижесінде пайданы (залады) түзету», № 6150 «Қаржылық аспаптардың әділ құнын өзгертуден түскен кірістер» және сол сияқты басқа шоттар енгізіліп отыр.

Одан басқа, шоттардың бұл жұмыс жоспары нарықтық экономика ережелерінің икемділігін, бірлескен және қауымдастырылған кәсіпорындардың қызметіндегі үлестік қатысу мәселелерін анық көрсетеді. Бұл шаруашылық субъектілердің жұмысын үйлестірудегі айқындылықты тәртіпке келтірудің кең мүмкіндіктеріне жол ашды. Бұл жағдайды № 7610 «Қауымдастырылған ұйымдардың залалындағы үлес» пен № 7620 «Бірлескен ұйымдардың залалындағы үлес» шоттары дәлелдейді.

Бұл ережелерді пайдалана отырып, № 7210 «Әкімшілік шығыстар» шотының қатарына № 7211 «Өнімнің, жұмыстың, қызметтің өзіндік құнына енгізілмейтін әкімшілік шығыстар» деген субшот енгізуді ұсынамыз. Бұл субшотта жеке және заңды тұлғаларға өтеусіз түрде ресурстар беру, малдың өлгені, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаған басқа шығыстарды бейнелеу мүмкін.

Ал, сауда ұйымдары үшін профессор В. К. Радостовецтың бұрынғы әдісі бойынша төмендегі № 1331 «Қоймадағы тауарлар», № 1332 «Саудадағы тауарлар», № 1333 «Тауарларға қойылған үстеме баға», № 1334 «Тауардың бағасындағы ҚҚС» субшоттарын ашу ұсынылады.

Бұл жерде шаруашылық операцияларды құру әдістемесінің концептуалды негізі өзгермегендігін айтып өтуіміз керек. Сондықтан, біздің бухгалтерлердің жұмысын ыңғайластыру үшін Типтік және Жұмыс жоспары шоттарының арасында істің шын мәні бойынша «өткел» болатын салыстырмалы және бухгалтерлік есеп шоттарының Типтік жоспарынан Жұмыс жоспарына көшу кестелері ұсынылады (№ 2 және № 3 қосымшаларға қараңыз).

Шоттардың жұмыс жоспарының басты артықшылығы, енді біздің бухгалтерлер халықаралық көлемде бухгалтерлік балансты еркін құрып және толық түсіне алатындығында болып табылады. Бұл Бүкіләлемдік сауда ұйымына (БСҰ) кіруге жақындасудың тағы бір қадамы.

Енді біз еліміздегі бухгалтерлік есеп жүргізудің қазіргі уақыттағы әдістемесіндегі кейбір проблемаларды ашып көрсеткіміз келеді. Мәселен, сол себептен осы уақытқа дейін бізде әлі бірыңғай нормалар мен стандарттар жоқ. Мысалы, бюджеттік мекемелер әлі де кеңестік дәірден қалған шоттардың бұрынғы жоспарын қолданып жүр. Ал, ҚР Қаржы министрлігі бухгалтерлік есеп және аудит департаментінің 1999 жылы 11 наурыздағы №23-3-1/42/689 хатына сәйкес, Қазақстан Республикасындағы барлық ұйымдар 1999 жылдың 1 қазанынан бастап бухгалтерлік есеп шоттарының бас жоспарына көшуге тиісті еді.

Бірақ, аталған нұсқау кейбір объективті және субъективті себептермен осы күнге дейін іске аспай келеді. Бұл жағдай бухгалтерлік есепті жүргізудің бір ізге келтірілуіне едәуір қолайсыздығын тигізіп отыр. Осы себептің салдарынан «Іс бухгалтерия» компьютерлік бағдарламасы өзінің бірыңғай пайдалануын таппай келеді. Жоспарды әміршіл экономиканың барлығын өз қолында ұстаушы тұтқа ретінде қарап келген бұрынғы еліктемелерден қайтуымыз керек. Енді біз оны құралдар мен қаржы-қаражатты пайдалану және шаруашылықты жүргізудің үнемділігі мөлшері, сондай-ақ мемлекет тарапынан болатын байқауда өздігінше дамуға тиісті нарықтық экономикаға ықпал ету мен реттеудің қолайлы құралы ретінде қарауымыз керек.

Біздің пікірімізше, шоттардың Жұмыс жоспары меншіктің түріне қарамастан экономиканың барлық салаларындағы бухгалтерлік есепті біріктіріп және аталған компьютерлік бағдарламаға оның бірыңғай көшуіне ықпал ететін байланыстырушы күш болуы қажет.

Қорытындысында біздің бухгалтерлер мен педагогтарды бухгалтерлік есеп шоттарының Типтік жоспарынан Жұмыс жоспарына көшу жолдары туралы саябырландырғымыз келеді.

Студенттер мен оқытушыларға алдағы уақытта бухгалтерлік есепті оқытудың көрсетілген әдістемесін қолдануды жалғастыру, ал одан соң ұсынылған салыстырмалы кестеге сәйкес, бірте-бірте шоттардың жұмыс жоспарына көшуді ұсынамыз.

Жоғарыда аталғандарды пайдалана отырып, біздер оқырмандарымыздың назарына бюджеттік жоспардан шоттардың Бас (Типтік) жоспарына және ХҚЕС шоттарына көшу кестесінің жаңа нұсқасын ұсынамыз (№ 4 қосымшаны қараңыз).

Одан басқа, оқу материалдарын халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына жақындату және де оқу құралынан меңгерген материалдарды баянды ету мақсатында студенттерді Типтік жо-

спар бойынша бұрын көрсетілген бухгалтерлік проводкалардың құрылымын шоттардың Жұмыс жоспары бойынша қайта қарап шығуға шақырамыз.

Сондай-ақ, бұрынғы ескі шоттар бойынша жазылған кітаптарды шығарып тастамай, керісінше, шоттардың Жұмыс жоспары, салыстырмалы кесте және ХҚЕС бойынша бухгалтерлік шоттарды жіктеудің №1 кестесін пайдалана отырып, осы оқу материалы мен бұрынғы оқу құралдарын өздігінше халықаралық стандарттар бойынша өңдеуге кеңес береміз. Мұндай әдістеме бухгалтерлік есепті халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына ырғақты түрде көшіруге мүмкіндік береді.

Бұл Қазақстан экономикасының бүкіләлемдік қауымдастыққа енуінің дұрыс бағытын тағы да дәлелдейді.

№ 1 кесте

ХҚЕС бойынша бухгалтерлік шоттарды жіктеу (2-ші тарауда келтірілген)

Балансқа қатысы бойынша жіктеу	Бөлімдердің нөмірлері	Кіші бөлімдердің (бөлімшелердің) нөмірлері	Бөлімдердің атауы	Ескерту
Активті	1	10, 11, 12, 13, 14, 15, 16	Қысқа мерзімді активтер	
Активті	2	20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29	Ұзақ мерзімді активтер	2320, 2420, 2620, 2720, 2740 шоттар
		II		
Пассивті	3	30, 31, 32, 33, 34, 35	Қысқа мерзімді міндеттемелер	
Пассивті	4	40, 41, 42, 43, 44,	Ұзақ мерзімді міндеттемелер	
Пассивті	5	50, 51, 52, 53, 54,	Капитал мен резервтер	
Пассивті	6	60, 61, 62, 63, 64	Кірістер	6020, 6030 шоттар
		кП		
Активті	7	70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77	Шығыстар	
Активті	8	80	Өндірістік есепке алу шоттары (калькуляциялық)	Үлестіруші-жинақтаушы шоттар

Ескерту: II — пассивті, кП — контрпассивті.

№ 1 қосымша

Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес қаржылық есептілікті жасайтын ұйымдар үшін бухгалтерлік есеп шоттарының жұмыс жоспарын әзірлеу жөніндегі нұсқаулыққа (негізге)

Бухгалтерлік есеп шоттарының жұмыс жоспарының синтетикалық шоттары топтарының тізбесі

1 бөлім. Қысқа мерзімді активтер

1000 Ақша қаражаттары

- 1010 Кассадағы теңгемен ақша қаражаты
- 1020 Кассадағы валютамен ақша қаражаты
- 1030 Жолдағы теңгемен ақша қаражаты
- 1040 Ағымдағы банктік шоттардағы теңгемен ақша қаражаты
- 1050 Ағымдағы банктік шоттардағы валютамен ақша қаражаты
- 1060 Депозиттік банк шоттарындағы ақша қаражаты
- 1070 Арнайы шоттардағы ақша қаражаты
- 1100 Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары**
- 1110 Қысқа мерзімді ұсынылған қарыздар
- 1120 Сауда үшін арналған қысқа мерзімді қаржы активтер
- 1130 Өтеу үшін ұсталатын қысқа мерзімді инвестициялар
- 1140 Сату үшін қолда бар қысқа мерзімді қаржы инвестициялары
- 1150 Өзге қысқа мерзімді қаржы инвестициялары
- 1200 Қысқа мерзімді дебиторлық берешек**
- 1210 Сатып алушылар мен тапсырысшылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1220 Еншілес ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1230 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1240 Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1250 Қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі
- 1260 Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек
- 1270 Алуға тиіс қысқа мерзімді сыйақылар
- 1280 Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек
- 1290 Күмәнді талаптар бойынша резерв
- 1300 Корлар**
- 1310 Шикізат пен материалдар

- 1320 Дайын өнім
- 1330 Тауарлар
- 1340 Аяқталмаған өндіріс
- 1350 Өзге корлар
- 1360 Корларды есептен шығару бойынша резерв
- 1400 Ағымдағы салық активтері**
- 1410 Корпоративтік табыс салығы
- 1420 Қосылған құн салығы
- 1430 Өзге салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер
- 1500 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер**
- 1510 Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер
- 1520 Сатуға арналған істен шығатын топтар
- 1600 Өзге қысқа мерзімді активтер**
- 1610 Берілген қысқа мерзімді аванстар
- 1620 Алдағы кезеңдердің шығыстары
- 1630 Өзге қысқа мерзімді активтер

2 бөлім. Ұзақ мерзімді активтер

2000 Ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар

- 2010 Ұзақ мерзімді берілген қарыздар
- 2020 Өтеуге дейін ұсталатын ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
- 2030 Сатуға арналған қолда бар ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар
- 2040 Өзге ұзақ мерзімді қаржылық активтер
- 2100 Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек**
- 2110 Сатып алушылар мен тапсырысшылардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2120 Еншілес ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2130 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдардың ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2140 Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2150 Қызметкерлердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі
- 2160 Жалдау бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
- 2170 Алуға арналған ұзақ мерзімді сыйақылар
- 2180 Өзге ұзақ мерзімді дебиторлық берешек
- 2200 Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар**
- 2210 Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар

- 2300 Жылжымайтын мүлікке инвестициялар**
- 2310 Жылжымайтын мүлікке инвестициялар
- 2320 Жылжымайтын мүлікке инвестициялардың амортизациясы және құнсыздануы
- 2400 Негізгі құралдар**
- 2400 Негізгі құралдар
- 2410 Негізгі құралдар
- 2420 Негізгі құралдардың амортизациясы және құнсыздануы
- 2500 Биологиялық активтер**
- 2510 Өсімдіктер
- 2520 Жануарлар
- 2600 Барлау және бағалау активтері**
- 2610 Барлау және бағалау активтері
- 2620 Барлау және бағалау активтерінің амортизациясы және құнсыздануы
- 2700 Материалдық емес активтер**
- 2710 Гудвилл
- 2720 Гудвиллдің құнсыздануы
- 2730 Өзге материалдық емес активтер
- 2740 Өзге материалдық емес активтер амортизациясы және құнсыздануы
- 2800 Кейінге қалдырылған салықтық активтер**
- 2810 Корпорациялық табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер
- 2900 Өзге ұзақ мерзімді активтер**
- 2910 Берілген ұзақ мерзімді аванстар
- 2920 Алдағы кезеңдердің шығыстары
- 2930 Аяқталмаған құрылыс
- 2940 Өзге ұзақ мерзімді активтер
- 3 бөлім. Қысқа мерзімді міндеттемелер**
- 3000 Қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері**
- 3010 Қысқа мерзімді банктік қарыз
- 3020 Қысқа мерзімді алынған қарыз
- 3030 Қатысушылардың дивидендтері және кірістері бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3040 Ұзақ мерзімді қаржы міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі
- 3050 Өзге қысқа мерзімді қаржы міндеттемелері
- 3100 Салықтар бойынша міндеттемелер**
- 3110 Төлеуге тиісті корпорациялық табыс салығы

- 3120 Жеке табыс салығы
- 3130 Қосылған құн салығы
- 3140 Акциздер
- 3150 Әлеуметтік салық
- 3160 Жер салығы
- 3170 Көлік құралдары салығы
- 3180 Мүлік салығы
- 3190 Өзге салықтар
- 3200 Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер**
- 3210 Әлеуметтік сақтандыру бойынша міндеттемелер
- 3220 Зейнетақы аударымдары бойынша міндеттемелер
- 3230 Басқа міндетті төлемдер бойынша өзге міндеттемелер
- 3240 Басқа ерікті төлемдер бойынша өзге міндеттемелер
- 3300 Қысқа мерзімді кредиторлық берешек**
- 3310 Жеткізушілер мен мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3320 Еншілес ұйымдарға берілетін қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3330 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3340 Филиалдарға және құрылымдық бөлімшелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3350 Енбекақы төлеу бойынша қысқа мерзімді берешек
- 3360 Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек
- 3370 Ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігі
- 3380 Төлеуге тиіс мерзімді сыйақылар
- 3390 Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек
- 3400 Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері**
- 3410 Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелер
- 3420 Заңды наразылықтар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер
- 3430 Қызметкерлерге сыйақылар бойынша қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
- 3440 Өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері
- 3500 Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер**
- 3510 Алынған қысқа мерзімді аванстар
- 3520 Алдағы кезеңдердің кірістері
- 3530 Сатуға арналған істен шығатын топтың міндеттемелері
- 3540 Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер

4 бөлім. Ұзақ мерзімді міндеттемелер

4000 Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер

- 4010 Ұзақ мерзімді банктік қарыздар
- 4020 Ұзақ мерзімді алынған қарыздар
- 4030 Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер
- 4100 Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек**
- 4110 Жеткізушілер мен мердігерлерге берілетін ұзақ мерзімді берешек
- 4120 Еншілес ұйымдарға берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
- 4130 Қауымдастырылған және бірлескен ұйымдарға берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
- 4140 Филиалдар мен құрылымдық бөлімшелерге берілетін ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
- 4150 Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек
- 4160 Төлеуге арналған ұзақ мерзімді сыйақылар
- 4170 Өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек
- 4200 Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері**
- 4210 Ұзақ мерзімді кепілгерлік міндеттемелер
- 4220 Заңды наразылықтар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
- 4230 Қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
- 4240 Өзге ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері
- 4300 Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер**
- 4310 Корпорациялық табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер
- 4400 Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер**
- 4410 Алынған ұзақ мерзімді аванстар
- 4420 Алдағы кезендердің кірістері
- 4430 Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелер

5 бөлім. Капитал мен резервтер

5000 Шығарылған капитал

- 5010 Жарияланған капитал
- 5020 Төленбеген капитал
